

2022  
2021  
2020  
**2019**  
2018  
2017



# МАЗМҰНЫ

## 1 «ЖИНАҚ БАНКІ» АҚ ЕБ БАСШЫЛЫҒЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ:

- «Жинақ банкі» АҚ ЕБ Директорлар Кеңесі Төрағасының жолдауы
- «Жинақ банкі» АҚ ЕБ Басқарма Төрағасының жолдауы

## 2 «ЖИНАҚ БАНК» АҚ ЕБ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ:

- Сбербанк Тобы
- «Жинақ банкі» АҚ ЕБ Тарихы
- 2019 жылдың негізгі оқиғалары

## 3 «ЖИНАҚ БАНКІ» АҚ ЕБ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ:

- Ұйымдастырушылық құрылымы
- Директорлар кеңесі
- «Жинақ банкі» АҚ ЕБ Жалпы акционерлер жиналысы
- Өндірістік құрылым
- Басқарма

## 4 2019 ЖЫЛДЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ БОЙЫНША ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР:

- ХҚЕС бойынша «Жинақ банкі» АҚ ЕБ қаржылық нәтижелерінің талдауы
- ХҚЕС бойынша баланс құрылымына сараптама

## 5 2019 ЖЫЛДАҒЫ ҚЫЗМЕТ ТУРАЛЫ ЕСЕП:

- Операциялық қызмет
- Банктік сектор
- Бөлшек бизнес
- Корпоративтік бизнес
- Филиалдық желісі
- Ақпараттық технологиялар
- Маркетингтік белсенділік
- Қатер-Менеджменті
- Әлеуметтік жауапкершілік
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты
- Мүдделер қайшылығын басқару жөніндегі саясат
- Экологиялық жауапкершілік
- Қызметкерлер
- Даму перспективалары

## 6 «ЖИНАҚ БАНКІ» АҚ ЕБ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕБІ

## 7 ҚОСЫМША АҚПАРАТ:

- Глоссарий
- Негізгі бизнес-контакттер
- «Жинақ банкі» АҚ ЕБ деректемелері

«ЖИНАҚ БАНКІ» АҚ ЕБ Басшылығының

# ЖОЛДАУЫ



# «ЖИНАҚ БАНКІ» АҚ ЕБ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ



Құрметті акционерлер мен клиенттер,  
құрметті әріптестер!

Сбербанктің Қазақстандағы 2019 жылдағы жұмысын қорытындылай келе, банк елдің қаржы нарығында жоғары нәтижелілігін және бәсеке қабілеттілігін көрсете білгенін атап өткім келеді. Банктік таза табысы 55%-ға өсіп, шамамен 68 млрд. теңгені құрады. Банк активтері 17%-ға өсті және жыл қорытындысы бойынша Сбербанк Қазақстан осы көрсеткіш бойынша нарықтағы 8,2% үлесімен елде 2-ші орынға ие болды.

Бұл ретте, активтердің сапасы бойынша біз 5,2% NPL90+ көрсеткішімен біріншіміз. Бұдан басқа, Сбербанк Қазақстан 2019 жылдың қорытындысы бойынша кредит қоржынының көлемі бойынша елде екінші орынды сенімді сақтап отыр, бұл көрсеткіш нарықтың 10% үлесіне жақындап, 14% - ға өскен. Сбербанк Қазақстанның ел экономикасына салған инвестициясы жылдың соңында \$6 млрд. АҚШ долларынан асты. Банк трансшекаралық бизнеске қызмет көрсету бойынша жеке банктер арасында көшбасшы болып табылады және Қазақстан мен Ресей арасындағы тауар айналымының шамамен 50% үлесіне ие болып келеді.

Клиенттік базаның қарқынды өсуі (2019 жыл ішінде 1 млн 200 мыңнан астам) және қаржылық тиімділік көрсеткіштерінің тұрақты өсуі (CIR ~30%, ROE ~33% құрады) – мұның бәрі өршіл мақсаттарға қол жеткізуге қабілетті күшті және дәлелді команданы дәлелдейді. Сбербанк Қазақстан ел нарығындағы ең тиімді банктердің бірі болып табылады, оны AQR қорытындысы бойынша аудиторлар мен реттеушілер растады.

Бүгінде Сбербанк Онлайн қосымшасы елдің банктік мобильдік қосымшалары арасында бірінші орынды алады, ал банктің өзі ипотекалық қоржынды 1,7 есеге 229 млрд теңгеге дейін ұлғайта отырып, «7-20-25» және «Баспана Хит» мемлекеттік ипотекалық бағдарламалар бойынша ең үздік банк-серіктес болып танылды, банк елдегі мемлекеттік бағдарлама бойынша әрбір екінші пәтер сатып алуды қаржыландырады. Сбербанк Қазақстан ақша қаражатының төлемдері мен аударымдарын ресімдеудің жоғары сапасы үшін Citibank N. A. беделді марапатына ие

болды. Банк командасы жаңа корпоративтік өнімдер мен сервистерді енгізді: СберШешімдері бар серіктестік бағдарлама, «СберБизнес» жаңа мобильді қосымшасы және «Электрондық чек» жаңа өнімін іске қосуды жүзеге асырды.

Әлем тез өзгеруде, күн сайын жаңа технологиялар мен сервистер пайда болады және Сбербанк Қазақстан бұл трендті толық қолдайды. Банктің озық цифрлық сервистерді дамытудағы жетістіктері технологияларды дамытудағы трендтерді ұстануға ғана емес, оларды сенімді түрде қоюға дайындығын көрсетеді. Біздің клиенттеріміздің қажеттіліктеріне толық жауап беретін қазіргі заманғы экожүйені құру - Сбербанк Қазақстанның орта мерзімді перспективаға арналған негізгі міндеті деп санаймын. Тұтынушылық мінез-құлықты талдау әдістерін енгізу, big data құралдарын және жасанды интеллект технологияларын пайдалану бізге клиенттер үшін қызметтердің құндылығын бірнеше рет арттыруға мүмкіндік беретініне сенімдімін.

Бүгінгі күнде, бүкіл әлем пандемияға тап болғанда, мен Сбербанк Қазақстанның бүкіл командасына және елдегі банк қызметтерінің үздіксіз және тиімді жұмысын қамтамасыз ететін жеке-жеке әрбір қызметкерге ризашылдығымды білдіремін.

Мен Сбербанкті таңдаған әрбір клиентке шын жүректен алғыс айтамын. Біз күн сайын Сіздер үшін жұмыс істейміз. Банктің барлық командасы күн сайын біздің клиенттеріміздің ең жоғары үміттеріне, банк саласының стандарттарына сәйкес келу үшін және Қазақстан Республикасындағы инновациялар корпорациясы ретінде Сбербанктің туын мақтанышпен алып жүру үшін барлық мүмкіндіктерді жасайды. Біздің барлығымызды дамудың, жарқын болашақ пен табысқа жетудің ортақ тілегі біріктіретініне сенімдімін.

Біз бірге кез келген, ең өршіл мақсаттарға қол жеткіземіз!

Құрметпен,  
«Жинақ банкі» АҚ ЕБ  
Директорлар кеңесінің Төрағасы  
Тимур Козинцев

# «ЖИНАҚ БАНКІ» АҚ ЕБ БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ



Құрметті клиенттер,  
серіктестер және әріптестер!

2019 жылы Сбербанк Қазақстанның қаржы нарығындағы өз позициясын айтарлықтай нығайтты. Банк жүйесінде активтер мөлшері (2 184 млрд. теңге) және кредит қоржыны (1 286,7 млрд. теңге) бойынша екінші орынды сенімді ұстай отырып, Сбербанк жұмыстың барлық негізгі көрсеткіштерінің өсуін көрсетті. 2020 стратегиясын табысты іске асыру және клиенттер үшін жаңа өнімдер мен сервистерді енгізу арқасында 2019 жылы біз 68 млрд. теңге рекордтық табыс таптық және 32% - дан астам капитал табыстылығын қамтамасыз етуге қол жеткіздік.

Таза пайданың өсуі Банктің меншікті капиталының 35%-ға ұлғаюына және қаржы нарығындағы 14,3% ең жоғары деңгейдегі капиталдың жеткіліктілік көрсеткішінің (k2) нығайуына әсер етті. Өткен жылы жүргізілген ірі қазақстандық банктердің активтер сапасын бағалау нәтижелері (Asset Quality Review) Сбербанктің жоғары қаржылық тұрақтылығын және кепілдіктерді бағалау мен резервтерді құру жөніндегі біздің кәсіби көзқарасымызды қосымша растады.

Біздің мақтанышымыз осы жылдық есептегі көптеген сандардың артында банктің клиенттермен табысты ынтымақтастығының көптеген бірегей оқиғаларының болуымен негізделеді. Бүгінгі таңда Сбербанкте 80 мыңнан астам корпоративтік және миллионнан астам бөлшек клиенттер сенім артады. Біз Сбербанкті қаржылық серіктес ретінде таңдағаны үшін әрбір клиентке шын жүректен ризамыз және олар өз шешімінің дұрыстығына көз жеткізуі үшін 24/7 режимінде барлығын жасаймыз.

Сбербанк Қазақстанда дәстүрлі түрде ауқымды және әлеуметтік-маңызды бағдарламаларды жүзеге асыруда мемлекеттің сенімді жолсерігі болып табылады. Осылайша, Сбербанк «7-20-25» және «Баспана Хит» тұрғын үй бағдарламалары бойынша «2019 жылдың

көшбасшысы» жоғары номинациясын тағайындаумен ең үздік серіктес банк болып танылды. Сбербанк «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасын жүзеге асыруда осындай жоғары көрсеткіштерге қол жеткізді. 2019 жылдың қорытындысы бойынша Сбербанк берген субсидияланған кредиттердің сомасы 566 млрд. теңгеге жетті, бұл банк жүйесі бойынша жалпы көлемнің 20%-ын құрайды.

Біз сондай-ақ экспортты қолдау бағыты бойынша көшбасшылардың бірі болып табыламыз. 2019 жылы біз «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» АҚ-мен 12,2 млрд. теңгеден асатын жалпы сомаға мәміле жасасып, жеңіл және тамақ өнеркәсібі, металл өңдеу өнімдерін экспорттауға бағытталған жобаларды қаржыландырдық.

Егер 2020 жылға арналған жоспарлар туралы айтатын болсақ, біз COVID-19 пандемиясымен және әлемдік шикізат және қаржы нарықтарындағы есеңгіреуден туындаған өте күрделі сынақтарға тап болғанымызды көріп отырмыз. Өмір бізге жасанды модельденген стресс-сынақты емес, нағыз сынақтан өтуге мүмкіндік берді және мен біз болашаққа маңызды сабақтарды меңгере отырып, осының барлығын табысты өтетіндігімізге сенімдімін.

Біз ең жақсы клиенттік тәжірибе жасау және уақыт үрдістерін ескеретін және Банктің экожүйесін дамыту үшін негіз жасайтын клиенттерімізге арналған озық және барынша қолайлы өнімдер мен сервистерді енгізу бойынша белсенді жұмысты жалғастырамыз.

Ынтымақтастық үшін банктің әрбір клиентіне жеке ризашылығымды білдіремін, сондай-ақ Сбербанктен клиенттерімізге озық банктік қызметтерді алуға көмектесіп, кез келген жағдайда өздерінің үздік кәсіби қасиеттерін көрсететін қызметкерлерімізге алғысымды білдіремін.

Құрметпен,  
«Жинақ банкі» АҚ ЕБ  
Басқарма Төрағасы  
Ельдар Тенизбаев

## СБЕРБАНК ТОБЫ

Бүгінде Сбербанк – Ресейдегі, Орталық және Шығыс Еуропадағы ең ірі Банк және жетекші халықаралық қаржы институттарының бірі. Сбербанк Тобының шетелдік желісінің құрамына әлемнің 17 еліндегі еншілес банктер, филиалдар және өкілдіктер кіреді. Банктің шет елдік желісі Швейцария, Германия, ТМД, Орталық және Шығыс Еуропа, Босния және Герцеговинада, Венгрия, Үндістан, Хорватия, Чехия, Қытай және өзге де елдердегі еншілес банктерден, филиалдардан және өкілдіктерден тұрады. Бүкіл Топқа 96,2 млн. жеке клиенттер мен 2,6 млн. корпоративтік клиенттер шақ келеді.

## БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ

Біз адамдарға сенімділік және батылдылық береміз, олардың өмірлерін жақсартамыз, талпынысы мен армандарын іске асыруға көмектесеміз.

## БІЗДІҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЫЗ

Біздің құндылықтарымыз – өмір мен еңбекке деген қарым-қатынас негізі, күрделі жағдайларда шешім қабылдауға көмек көрсететін ішкі компас, әрдайым және барлық жерде берік ұстанатын қағидаттарымыз.

**17** елдер

**96,2** млн.  
жеке клиенттер

**2,6** млн.  
корпоративтік  
клиенттер



# БІЗГЕ КЕЗ КЕЛГЕН ЖАҒДАЙДА ДҰРЫС ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУҒА КӨМЕКТЕСЕТІН БАҒЫТТАР:

## 1 МЕН – КӨШБАСШЫМЫН

- ◆ Мен өзім үшін және айналамызда болып жатқан жағдайлар үшін жауаптымын
- ◆ Мен өзіме, әріптестеріме және клиенттерге адалмын
- ◆ Мен қолымнан келгеннің ең жақсысын жасау арқылы өзімді, біздің Банкті және айналамды жетілдіремін

## 2 БІЗ КОМАНДАМЫЗ

- ◆ Біз ортақ нәтиже үшін жұмыс істей отырып, бір-бірімізге қуана көмектесеміз
- ◆ Біз әріптестерімізге өсуге және дамуға көмектесеміз
- ◆ Біз ашықпыз, әріптестерімізді құрметтейміз және бір-бірімізге сенім білдіреміз

## 3 БАРЛЫҒЫ - КЛИЕНТ ҮШІН

- ◆ Біздің бүкіл қызметіміз клиенттердің мүдделері үшін және соның аясында.
- ◆ Біз клиенттерімізді қызмет сапасымен және қарым-қатынасымызбен таң қалдырғымыз және қуантқымыз келеді
- ◆ Біз клиенттеріміздің үміттерін артығымен ақтаймыз

# «СБЕРБАНК» АҚ ЕБ ТАРИХЫ



# «ЖИНАҚ БАНКІ» АҚ ЕБ ҚАЗАҚСТАН

Қазақстандағы «Ресей Жинақ банкі» Акционерлік Қоғамы Еншілес Банкінің тарихы 2006 ж. соңында ресейлік қаржы жүйесінің флагманы, Орталық және Шығыс Еуропаның аса ірі қаржы институты Ресей Сбербанкі Техакбанк 99,99% акциясын сатып алуынан басталады. Банктер тарапынан ұлттық және шетел валютасында жүзеге асырылатын банктік және өзге де операциялар жүргізуге Банк 2007 жылы лицензия алды. «Жинақ банкі» АҚ ЕБ әлемнің аса ірі банктерімен байланыс орнатқан, сондай-ақ экономиканың түрлі салаларында қызмет ететін клиенттермен және серіктестермен жұмыс істеуде үлкен тәжірибеге ие. Бүгінде «Жинақ банкі» АҚ ЕБ:



Халықаралық Сбербанк тобына кіреді. Банк Қазақстанның қаржы нарығында 14 жыл табысты жұмыс істеп келеді және 2019 жылдың қорытындысы бойынша активтерінің көлемі, несиелік қоржын және корпоративтік салымдар бойынша 2-орынды алады.



Қазақстан нарығындағы ірі шетелдік банк болып табылады;



Keң ауқымды өнімдері мен қызметтері бар әмбебап Банк;



Мемлекетпен серіктестікте жұмыс істейді, Қазақстан экономикасының негізгі инвесторы және мемлекеттік ипотекалық бағдарламалар мен кәсіпкерлікті дамыту бағдарламалары бойынша көшбасшысы болып табылады.



101 құрылымдық бөлімшеден тұратын филиалдық желісі бар, оның 17-сі – филиал. Банктің Орталық офісі Алматы қаласында орналасқан.

A close-up of a person's face, primarily the eye and nose area, with a teal and blue color palette. The image is overlaid with various digital and technical graphics. On the left side, there are two large, semi-transparent circular patterns resembling radar screens or data charts. Overlaid on the person's face are several glowing white lines and shapes, including concentric circles, arcs, and rectangular blocks, suggesting a digital interface or data visualization. The overall aesthetic is futuristic and high-tech.

# 2019

**ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ  
ОҚИҒАЛАРЫ**

1

Сбербанк Онлайн - «**Mobile Banking Rank 2019 Казахстан**» дерегі бойынша үздік мобильді Банк

2

Сбербанк Қазақстан – сайттың көрсетілу рейтингінде қазақстандық банктер арасында көшбасшы

3

Сбербанк ERG Supplier Award «**Стратегиялық қаржы серіктесі**» марапатын алды, оның бастамашысы ERG тобының бірқатар ірі жобаларын іске асыруға қосқан үлесі үшін Eurasian Resources Group халықаралық өнеркәсіптік тобының коммерциялық орталығы болды.

4

Сбербанк Қазақстан «**7-20-25**» және «**Баспана Хит**» ипотекалық тұрғын үй кредиттеу бағдарламалары бойынша көшбасшылардың бірі болып табылады.

5

Сбербанк Қазақстан «**Еңбек**» Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытуды мемлекеттік бағдарламасы бойынша көшбасшылықты сақтап келеді.

6

«Жинақ банкі» АҚ ЕБ автоматтандырудың жоғары деңгейі үшін және төлемдер мен аударымдарды ресімдеудің жоғары сапасы үшін **американдық Citibank N. A.-дің Straigh Through Processing Excellence Award** беделді марапатымен марапатталды

Қазақстандық Сбербанктің сенімділігі мен тұрақты дамуын Fitch рейтингтері дәлелдейді

# Fitch Ratings

«BBB-»/болжам «Тұрақты»  
деңгейіне дейін көтерді

**«ЖИНАҚ БАНКІ» АҚ ЕБ  
КОРПОРАТИВТІК  
БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ**



# КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

## Корпоративтік басқарудың негізгі қағидалары

1. Банк акционерлерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидасы;
2. Банктің Акционерлердің жалпы жиналысын, Директорлар кеңесі мен Басқармасын тиімді басқару қағидасы;
3. Банктің қызметі туралы ақпаратты айқын, уақтылы және объективті түрде жария ету қағидалары;
4. Заңдылық пен әдеп қағидалары;
5. Тиімді дивидендтік саясат қағидалары;
6. Тиімді кадрлық саясат қағидалары;
7. Қоршаған ортаны қорғау қағидасы;
8. Корпоративтік дауларды реттеу қағидасы.

**Көрсетілген қағидалар “Жинақ Банкі” АҚ ЕБ Корпоративтік басқару кодексінде бекітілген.**

## «Жинақ Банкі» АҚ ЕБ Корпоративтік басқару кодексінің ережелерін сақтау


«Жинақ банкі» АҚ ЕБ Корпоративтік басқару кодексі «Жинақ банкі» АҚ ЕБ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысымен 21.04.2016 ж., 27.04.2018 ж., 26.04.2019 ж. бекітілген өзгерістерді ескере отырып, 27.05.2009 ж. «Жинақ банкі» АҚ ЕБ акционерлерінің жалпы жиналысымен бекітілді.

Банктің Корпоративтік басқару кодексі корпоративтік басқару, этикалық нормалар, акционерлердің құқықтары мен мүдделерін тиімді қорғау, шешім қабылдаудың айқындылығы, Банктің басқарушы қызметкерлерінің кәсіби және этикалық жауапкершілігі, ақпараттық ашықтығы, іскерлік әдеп нормасы жүйесін дамытудың негізгі қағидалары мен стандарттарын анықтайтын құжат болып табылады.

Банктің Корпоративтік басқару кодексі ҚР қолданыстағы заң талаптарына, уәкілетті орган ұсынған Банк Жарғысына, Үлгі кодекске сәйкес, сонымен қатар ҚР-да дамып келе жатқан корпоративтік тәртіп пен этикалық нормалар тәжірибесін, капиталдар нарығында компаниялардың қызметінің қажеттілігі мен жағдайын, ағымдағы кезеңде олардың дамуын ескере отырып, әзірленді.

«Жинақ банкі» АҚ ЕБ өз қызметінде Кодексте баяндалған корпоративтік мінез-құлық қағидалары мен ережелеріне сәйкес «Жинақ банкі» АҚ ЕБ корпоративтік басқару кодексін сақтайтынын растайды және өз қызметін жүзеге асыру кезінде оларды сақтау үшін ақылға қонымды күш жұмсайтынын растайды.

# “ЖИНАҚ БАНКІ” АҚ ЕБ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ



# «ЖИНАҚ БАНКІ» АҚ ЕБ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ

Акционерлердің жалпы жиналысы Банктің жоғарғы органы болып табылады. Банк акционерлерінің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне келесі мәселелер жатады:

- 1) Банк Жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
- 2) Корпоративтік басқару кодексін, сонымен қатар оған енгізілген өзгертулер мен толықтыруларды бекіту;
- 3) Банкті ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;
- 4) Банктің жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе Банктің орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
- 5) Банктің бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін анықтау, сонымен қатар оларды өзгерту;
- 6) Банктің қарапайым акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздар шығару туралы шешім қабылдау;
- 7) Орналастырылған бір түрдегі акцияны екінші түрдегі акцияға айырбастау туралы шешім қабылдау, осылай айырбастау талаптарын, мерзімін мен тәртібін анықтау;
- 8) Есептік комиссия өкілеттіктерінің мерзімін және сандық құрамын анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 9) Директорлар кеңесі өкілеттігінің мерзімін, сандық құрамын анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен қатар, Директорлар кеңесінің мүшелеріне өздерінің міндеттерін орындағаны үшін сыйақы төлеу және шыққан шығындарын өтеудің мөлшері мен талаптарын анықтау;
- 10) Банк аудитін жүзеге асырушы аудиторлық ұйымды анықтау;
- 11) Жылдық қаржылық есептілікті бекіту;
- 12) Есептік қаржылық жылға Банктің таза табысын бөлу тәртібін бекіту, қарапайым акциялар бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдау және Банктің бір қарапайым акциясына дивиденд мөлшерін бекіту;
- 13) Банктің қарапайым акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау;
- 14) Банк акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;
- 15) Банкке тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан көп пайызын құрайтын сомадағы активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін табыстау (алу) жолымен өзге заңды тұлғаларды құруға немесе қызметіне Банктің қатысуы немесе өзге заңды тұлғалардың қатысушылары (акционерлері) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;
- 16) Банктің акционерлерге Акционерлердің жалпы жиналысының шақырылатыны туралы хабарлау түрін белгілеу;
- 17) «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңға сәйкес акциялардың құнын оларды ұйымдастырылмаған нарықта Банк сатып алған кезде анықтау әдістемесіне енгізілген өзгертулерді бекіту (егер құрылтай жиналысында бекітілмесе, әдістемені бекіту);
- 18) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
- 19) Акционерлерге Банк қызметі туралы ақпаратты ұсыну тәртібін белгілеу;
- 20) Директорлар кеңесінің қызметін және Банктің акционерлер жиналысын өткізу тәртібін реттейтін ішкі нормативтік құжаттарды бекіту;
- 21) Нәтижесінде банктің құны банк активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан да көп пайызын құрайтын мүлкі сатып алынатын немесе меншіктен шығарылатын (сатып алынуы немесе шығарылуы мүмкін) аса ірі мәмілені банктің жасауы туралы шешім қабылдау;
- 21-1) Банктің жасауға мүдделі ірі мәмілені жасауы туралы шешім қабылдау;
- 22) Шешім қабылдау банктің ішкі нормативтік құжаттарына, Қазақстан Республикасының заңнамасына және (немесе) Банк Жарғысына сәйкес Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер.

2019 жылы өткізілген Банк Акционерлерінің жалпы жиналысы аясында келесідей мәселелер қарастырылды:

- 1) 2018 жыл бойынша “Жинақ Банкі” АҚ ЕБ жылдық қаржылық есептілігін бекіту туралы.
- 2) 2018 жыл бойынша таза кірісті үлестіру тәртібін және “Жинақ Банкі” АҚ ЕБ бір жай акциясына есептелген дивиденд мөлшерін бекіту туралы.
- 3) Акционерлердің “Жинақ Банкі” АҚ ЕБ және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекетіне өтініштері және оларды қарау қорытындылары туралы.
- 4) 2019 жылға “Жинақ Банкі” АҚ ЕБ аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгілеу туралы;
- 5) “Жинақ Банкі” АҚ ЕБ Жарғысын жаңа редакцияда бекіту туралы.
- 6) “Жинақ Банкі” АҚ ЕБ акционерлерінің Жалпы жиналысы туралы Ережені бекіту туралы
- 7) “Жинақ Банкі” АҚ ЕБ Корпоративтік басқару кодексіне өзгертулерді бекіту туралы.
- 8) “Жинақ Банкі” АҚ ЕБ Директорлар кеңесі туралы Ережеге өзгертулерді бекіту туралы.
- 9) Банкпен ерекше қатынастармен байланысқан тұлғаларға берілген активтерге қатысты талап ету құқығынан бас тарту туралы акционерлердің Жалпы жиналысын хабарландыру туралы.
- 10) «Жинақ банкі» АҚ ЕБ Директорлар кеңесінің өкілеттілік мерзімдерін анықтау туралы.

“Жинақ банкі» АҚ ЕБ орналастырылған жай акциялар саны - 12 839 114 дана. Шығарылған және орналастырылған артықшылық берілген акциялар жоқ. “Сбербанк России” Жария акционерлік қоғамы орналастырылған және дауыс беру құқығын беретін акциялардың 99,99%-ның ұстаушысы болып табылады.

## «Жинақ банкі» АҚ ЕБ Миноритарлық акционерлерінің құқығы

«Жинақ банкі» АҚ ЕБ миноритарлық акционерлерге қорғауды және әділ қарым-қатынасты қамтамасыз етеді, «Жинақ банкі» АҚ ЕБ Жарғысымен және ҚР заңнамасымен анықталған банк қызметі туралы ақпаратты ұсыну бойынша қажетті механизмдер мен рәсімдер жасалды. Банк өз қызметінің негізгі нәтижелері, жоспарлары мен перспективалары туралы ақпаратты уақтылы жариялайды.

## Дивидендтер туралы ақпарат

Акционерлердің тиісті кезеңдегі таза табыстың (пайданың) бір бөлігін оның акциялары бойынша дивидендтер түрінде алу құқығы «Жинақ банкі» АҚ ЕБ Жарғысында белгіленген. Банк акциялары бойынша дивидендтер ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен төленеді.

Тиімді дивидендтік саясаттың негізгі өлшемдерінің бірі, дивидендтер мөлшері мен оларды төлеу талаптарын анықтаудың қарапайым және айқын механизмін қамтамасыз ету болып табылады.

Акционерлердің 2019 жылғы 26 сәуірдегі жылдық жалпы жиналысы дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдады; бір акцияға шаққандағы дивидендтердің мөлшері - 817,81 теңге, дивидендтер төленген кезең – 2018 жыл болып анықталды. Дивидендтерді төлеу ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен жүргізілді.

# 01.06.2020 ЖЫЛҒЫ «ЖИНАҚ БАНКІ» АҚ ЕБ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

Директорлар кеңесі - Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретінен тұратын мәселелерді шешуді қоспағанда, Банк қызметіне жалпы басшылық ететін Банк органы.

## «Жинақ банкі» АҚ ЕБ Директорлар кеңесінің құрамына келесі тұлғалар кіреді:

№	ТАӘ	Туған жылы	«Жинақ Банкі» АҚ ЕБ-дегі лауазымы	Соңғы үш жылда атқарған лауазымдары және қызмет саласы
1	Козинцев Тимур Олегович (ДК құрамына 28.02.2020 ж. сайланды) ДК Төрағасы болып 10.03.2020 ж. сайланды)	1972	«Жинақ банкі» АҚ ЕБ Директорлар Кеңесінің Төрағасы*	2013 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – DenizBank А. Ш Директорлар кеңесінің Мүшесі – банктік қызмет 2016 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін - Қадағалау кеңесінің мүшесі, Кредиттік комитет мүшесі, DenizBank AG тәуекелдер бойынша комитеттің мүшесі – банктік қызмет 2020 ж. бастап – “Сбербанк” ЖАҚ аға вице-президенті, Сбербанк ЖАҚ «Sberbank International» блогының басшысы - банктік қызмет
2	Тенизбаев Ельдар Амантаевич (ДК құрамына 28.02.2020 ж. сайланды)	1984	«Жинақ банкі» АҚ ЕБ Директорлар кеңесінің мүшесі **	2013 ж. бастап 2019 ж. дейін – «Жинақ банкі» АҚ ЕБ Басқарма Төрағасының Орынбасары- банктік қызмет 2016 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін - «Сбербанк Лизинг Қазақстан» ЖШС Қадағалау кеңесінің мүшесі - лизингтік қызмет 2019 ж. бастап 2020 ж. дейін - «Жинақ банкі» АҚ ЕБ Басқарма Төрағасының бірінші орынбасары - банктік қызмет 2020 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін - «Жинақ банкі» АҚ ЕБ Басқарма Төрағасы - банктік қызмет
3	Авдеенко Наталья Николаевна (ДК мүшесінің тегі Н.Н. Лазаревадан Н.Н.Авдеенкоға ауысты)	1970	«Жинақ банкі» АҚ ЕБ Директорлар кеңесінің мүшесі	2013 ж. бастап 2017 ж. дейін – Басқарушы директор, Сбербанк ЖАҚ «Халықаралық операциялар» Блогының басшылығы- банктік қызмет 2017 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін – Сбербанк ЖАҚ «Sberbank International» Блогы Корпоративтік даму және қызмет нәтижелілігі басқармасының Аға Басқарушы директоры - банктік қызмет 2016 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін - «БПС-Сбербанк» ААҚ Қадағалау кеңесінің мүшесі - банктік қызмет 2017 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін - «Сбербанк» АҚ (Украина) Кеңесінің мүшесі – банктік қызмет
4	Анашкин Григорий Михайлович (ДК құрамына 24.04.2015 ж. сайланды)	1969	«Жинақ банкі» АҚ ЕБ Директорлар кеңесінің мүшесі	2015 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін - Сбербанк ЖАҚ «Қаржы» блогының басшылығы Шетелдік банктер бойынша Аға басқарушы директор – банктік қызмет 2015 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін - «БПС-Сбербанк» ААҚ Қадағалау кеңесінің мүшесі - банктік қызмет 2017 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін - Sberbank Europe A. G Қадағалау кеңесінің мүшесі - банктік қызмет 2017 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін - «Сбербанк» АҚ (Украина) Кеңесінің мүшесі – банктік қызмет
5	Ашурков Алексей Анатольевич (ДК құрамына 28.04.2017 ж. сайланды)	1972	«Жинақ банкі» АҚ ЕБ Директорлар кеңесінің мүшесі	25.02.2016 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін – «Сбербанк» ЖАҚ «Тәуекелдер» блогының аға басқарушы директоры – банктік қызмет 2017 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін – Қадағалау кеңесінің мүшесі, «БПС-Сбербанк» ААҚ Тәуекелдер бойынша комитеттің мүшесі – банктік қызмет 2016 ж. бастап 2019 ж. дейін – «Денизбанк Москва» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі- банктік қызмет 2018 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін - «Сбербанк» АҚ (Украина) Кеңесінің мүшесі – банктік қызмет
6	Барчугов Павел Сергеевич (ДК құрамына 28.04.2017 ж. сайланды)	1973	«Жинақ банкі» АҚ ЕБ Директорлар кеңесінің мүшесі	2014 ж. бастап 2017 ж. дейін - Аға басқарушы директор- “Сбербанк” ЖАҚ Халықаралық қаржылық жоспарлау және бақылау басқармасының директоры - банктік қызмет 2014 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – «БПС-Сбербанк» ААҚ Қадағалау кеңесі төрағасының орынбасары – банктік қызмет 2016 ж. бастап 2019 ж. дейін – DenizBank AS Директорлар кеңесінің мүшесі - банктік қызмет 2017 ж. бастап 2019 ж. дейін - DenizBank AG Қадағалау қызметінің мүшесі - банктік қызмет 2017 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін – Sberbank Europe A.G. Қадағалау кеңесінің мүшесі - банктік қызмет 2018 ж. бастап – қазіргі уақытқа дейін - Аға басқарушы директор - Сбербанк ЖАҚ «Sberbank International» блок қызметінің тиімділігі және корпоративтік шешімдер басқармасының аға басқарушы директоры- банктік қызмет
7	Ситнов Владимир Вячеславович (ДК құрамына 28.04.2017 ж. сайланды)	1979	«Жинақ банкі» АҚ ЕБ Директорлар кеңесінің мүшесі	2013 ж. бастап 2018 ж. дейін – «Сбербанк России» ААҚ Самара қ. Поволжье банкінің Төрағасы- банктік қызмет 2018 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін – «Сбербанк» ЖАҚ Аға вице-президенті – банктік қызмет
8	Звягинцев Денис Александрович (ДК құрамына 26.12.2007 ж. сайланды)	1977	«Жинақ банкі» АҚ ЕБ Директорлар кеңесінің мүшесі - тәуелсіз директор	25.02.2016 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін – Аға басқарушы директор, «Сбербанк» ЖАҚ «Тәуекелдер» блогының басшылығы – банктік қызмет 2017 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін – Қадағалау кеңесінің мүшесі, «БПС-Сбербанк» ААҚ Тәуекелдер бойынша комитеттің мүшесі – банктік қызмет 2016 ж. бастап 2019 ж. дейін – «Денизбанк Москва» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі - банктік қызмет 2018 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін - «Сбербанк» АҚ (Украина) Кеңесінің мүшесі – банктік қызмет
9	Исенғалиев Бахытжан Изтлеуович (ДК құрамына 25.11.2011 ж. сайланды)	1950	«Жинақ банкі» АҚ ЕБ Директорлар кеңесінің мүшесі - тәуелсіз директор	2008 жылдан бастап 2017 ж. дейін - «ПетроКазахстан» АҚ Вице-Президенті 2011 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – «ДОМ» ҚҚ Қамқоршылық кеңесінің төрағасы - қайырымдылық қызметі 2019 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – «Ұлттық ғарыштық зерттеулер мен технологиялар орталығы» АҚ Тәуелсіз директоры - ғылыми қызмет
10	Аханов Серик Ахметжанович (ДК құрамына 11.10.2017 ж. сайланды)	1951	«Жинақ банкі» АҚ ЕБ Директорлар кеңесінің мүшесі - тәуелсіз директор	2015 жылдан бастап - Директорлар кеңесі мүшесі - «АТФ Банк» АҚ тәуелсіз директоры - банктік қызмет 2015 жылдан бастап 2018 ж. дейін - Директорлар кеңесі мүшесі - «СК «Казкоммерц-Полис» АҚ тәуелсіз директоры - сақтандыру қызметі 2016 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін - Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы, Кеңес мүшесі, Кеңестің құрметті Төрағасы. Еңбек сіңірген қаржыгер

\* 2019 жылғы желтоқсаннан 2020 жылғы ақпанға дейінгі кезеңде «Жинақ банкі» АҚ ЕБ Директорлар кеңесінің Төрағасы қызметін Барчугов Павел Сергеевич атқарды;

\*\* 2012 ж. бастап 2020 ж. қаңтар аралығында «Жинақ банкі» АҚ ЕБ Басқарма төрағасы қызметін Александр Ильясович Камалов атқарды.

Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидаттар ұсыну кезінде өз міндеттерін орындау және тиімді жұмысты ұйымдастыру үшін қажетті тиісті жұмыс тәжірибесі, білімі, біліктілігі және іскерлік ортадағы оң жетістіктері ескеріледі.

Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындайды, оның мүшелерін сайлайды және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдайды. Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар Кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақы төлеу және шығындарды өтеу мөлшері мен шарттарын айқындайды.

## «Жинақ банкі» АҚ ЕБ Директорлар кеңесін проблемалар туралы хабардар ету.

«Жинақ банкі» АҚ ЕБ Директорлар кеңесін аса маңызды қаржылық және қаржылық емес проблемалардың туындауы туралы хабардар ету ішкі нормативтік құжаттармен регламенттеледі және директорлар кеңесінің қарауына Банктің қызметі туралы ақпарат пен есептерді ұсыну жолымен тұрақты негізде жүзеге асырылады.

# БАНКТИҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ АЙРЫҚША ҚҰЗЫРЕТІНЕ КЕЛЕСІ МӘСЕЛЕЛЕР ЖАТАДЫ:

- 1) Банк қызметінің басым бағыттарын және Банктің даму стратегиясын айқындау немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда Банктің даму жоспарын бекіту;
- 2) Акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау, Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін анықтау, акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімі жасалатын күнді анықтау;
- 3) Акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде жарияланған акциялар саны шегінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі және бағасы туралы шешім қабылдау;
- 4) Орналастырылған акцияларды немесе басқа бағалы қағаздарды Банктің сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
- 5) Банктің жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;
- 6) Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережелер бекіту;
- 7) Банктің туынды бағалы қағаздарын және облигацияларын шығару шарттарын анықтау, сонымен қатар, оларды сатып алу туралы шешім қабылдау;
- 8) Атқарушы органның өкілеттіктері мерзімін, сандық құрамын анықтау, оның жетекшісін және мүшелерін сайлау, сонымен қатар, олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 9) Атқарушы орган жетекшісінің және мүшелерінің лауазымдық жалақысы мөлшерін және еңбекақы төлемі мен сыйақы беру шарттарын анықтау;
- 10) Ішкі аудит қызметінің өкілеттіктері мерзімін, сандық құрамын анықтау, оның жетекшісін және мүшелерін тағайындау, сонымен қатар, олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін анықтау, ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің еңбекақысы мен сыйақы мөлшерін және оларды төлеу шарттарын анықтау;
- 11) Корпоративтік хатшыны тағайындау, өкілеттігі мерзімін анықтау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен қатар, корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысы мөлшерін және сыйақы беру шарттарын анықтау;
- 12) Қаржылық есептілікке аудит жүргізгені үшін аудиторлық ұйымның, сонымен қатар, бағалаушының Банктің акцияларын төлеуге берілген немесе ірі мәміле мәні болып табылатын мүліктің нарық құнын бағалау жөніндегі қызметтерінің мөлшерін анықтау;
- 13) Банктің Жарғысымен, Банктің ішкі нормативтік құжаттарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен Директорлар Кеңесінің құзыретіне жатқызылған Банктің ішкі қызметін реттейтін (Банктің қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы органның қабылдайтын құжаттарынан басқа) құжаттарды бекіту, операцияларды жүргізудің жалпы шарттары туралы ережелерді бекіту, оның ішінде банк тәуекелдерін және меншікті капиталды басқару, резервтік капиталды пайдалану саясаттары, сонымен қатар, аукцион мен Банктің бағалы қағаздарына жазылу жүргізу талаптары мен тәртібін белгілейтін ішкі нормативтік құжаттарды, басқа да ішкі нормативтік құжаттарды бекіту;
- 14) Банктің филиалдарын және өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдерді қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;
- 15) Басқа заңды тұлғалардың акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлесін) Банктің сатып алуы туралы шешім қабылдау;
- 15-1) Жалпы акционерлер жиналысында қабылданатын шешімдерді қоспағанда, Банктің басқа заңды тұлғаларды құруға қатысуы немесе басқа заңды тұлғалардың қатысушылары (акционерлері) құрамынан шығу туралы шешім қабылдау;
- 16) Акцияларының он және одан да көп пайызы (жарғылық капиталдағы қатысу үлесі) Банкке тиесілі заңды тұлғаның Акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған қызмет мәселелері жөнінде шешім қабылдау;
- 16-1) Банк акционері (қатысушысы) болып табылатын заңды тұлғаны тарату туралы шешім қабылдау;
- 17) Меншікті капитал мөлшерінің он және одан көп пайызын құрайтын ауқымда Банк міндеттемелерін ұлғайту;
- 18) Қызметтік, коммерциялық және басқа да заңмен қорғалатын құпияны құрайтын Банк немесе оның қызметі туралы ақпаратты анықтау;
- 19) Ірі мәмілелерді жасау туралы шешімді акционерлердің жалпы жиналысы қабылдайтын ірі мәмілелерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптар мен шектеулер шеңберінде Банк мүдделілігі бар мәмілелерді және Банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалармен мәмілелерді жасасу туралы шешім қабылдау;
- 20) Банктің Бюджетін, бизнес-жоспарларын және бизнес-жоспарларының орындалуы туралы есептерді бекіту;
- 21) Директорлар кеңесінің алдын ала мақұлдауы талап етілетін банктік операциялардың және басқа мәмілелердің тізбесін және маңыздылық деңгейін бекіту;
- 22) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі мәселелері бойынша сырттай (немесе ашық құпия) дауыс беруді жүргізу үшін бюллетеньдер формасын анықтау;
- 23) Банктің бухгалтерлік есеп саясатын анықтау;
- 24) Мерзімділігі, мазмұны және ұсынылу тәртібі Банктің Директорлар кеңесімен анықталатын Банк Басқармасы Төрағасының есептерін тыңдау.
- 25) Банк акционерлерінің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатпайтын, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Банктің ішкі нормативтік құжаттарымен, Банк Жарғысымен, осы Ережемен қарастырылған басқа да мәселелер.

2019 жылы «Жинақ банкі» АҚ ЕБ Директорлар кеңесі 44 сырттай және 3 күндізгі отырысты өткізді.

«Жинақ банкі» АҚ ЕБ Директорлар кеңесінің отырыстарында келесі негізгі мәселелер қарастырылды:

- 2018 жыл бойынша “Жинақ Банкі” АҚ ЕБ Жылдық қаржылық есептілігі
- 2018 жылғы және 2019 жылғы 11 айдағы қызмет қорытындысы;
- Кредиттік қоржынның сапасын талдау бойынша тоқсандық есептер;
- «Жинақ банкі» АҚ ЕБ-нің 2020-2022 жылдарға арналған Бизнес-жоспары;
- «Жинақ банкі» АҚ ЕБ Ақпараттық технологияларды дамыту стратегиясын іске асыру барысы туралы ақпарат;

# 01.06.2020 Ж. «ЖИНАҚ БАНКІ» АҚ ЕБ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КОМИТЕТТЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ

## 1

«Жинақ банкі» АҚ ЕБ Директорлар кеңесінің стратегиялық жоспарлау, кадрлар және сыйақылар мәселелері жөніндегі комитеті – Директорлар кеңесінің консультациялық-кеңесші органы Банктің стратегиялық мақсаттарын (Даму стратегиясын) тұжырымдау мәселелері бойынша, соның ішінде орта және ұзақ мерзімді перспективада Банк қызметінің тиімділігін арттыруға, Банктегі тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйелерінің қызметіне мониторинг жүргізуге, ҚР заңнамасына сәйкес Банктің Директорлар кеңесіне анық және уақтылы басқарушылық есептілік пен ақпаратты ұсынуға, сонымен қатар Банктің кадрлар саясаты мен Банктің Директорлар кеңесінің мүшелеріне, Банк Басқармасына, Корпоративтік хатшыға сыйақы төлеу мәселелері бойынша Банктің басым бағыттарын анықтау мәселелері бойынша ұсыныстар жасауға мүмкіндік беретін іс-шараларды дайындау мәселелері бойынша ұсыныстар мен ұсыныстар әзірлеу мақсатында құрылған.

«Жинақ банкі» АҚ ЕБ Директорлар кеңесі «Жинақ банкі» АҚ ЕБ Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау, кадрлар және сыйақы мәселелері жөніндегі комитетінің құрамын ҚР заңнамасының талаптарына және «Жинақ банкі» АҚ ЕБ ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес белгілейді.

### Құрамы:

Исенғалиев Бахытжан Изтлеуович – Комитет Төрағасы (28.11.2012 ж. тағайындалды);  
Аханов Серик Ахметжанович – Комитет мүшесі (30.10.2017 ж. тағайындалды);  
Тенизбаев Ельдар Амантаевич – Комитет мүшесі (28.02.2020 ж. тағайындалды); \*

\*2012 ж. бастап 27.02.2020 ж. аралығындағы кезеңде «Жинақ банкі» АҚ ЕБ Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау, кадрлар және сыйақы мәселелері жөніндегі комитетінің мүшесі Александр Ильясович Камалов болды.

## 2

«Жинақ банкі» АҚ ЕБ Директорлар кеңесінің ішкі аудит мәселелері бойынша комитеті – Банктің Директорлар кеңесімен берілген өкілеттіктері аясында корпоративтік басқару, тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау мен ішкі және сыртқы аудит қызметін бақылау жүйелері жұмысының тиімділігін бақылауды жүзеге асыру мәселелері бойынша ұсыныстар мен ұсыныстарды әзірлейді.

«Жинақ банкі» АҚ ЕБ Директорлар кеңесі «Жинақ банкі» АҚ ЕБ Директорлар кеңесінің Ішкі аудит мәселелері бойынша комитетінің құрамын ҚР заңнамасының талаптарына және «Жинақ банкі» АҚ ЕБ ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес белгілейді.

2019 жылы «Жинақ банкі» АҚ ЕБ Директорлар кеңесінің Ішкі аудит мәселелері жөніндегі комитетімен (бұдан әрі - Комитет) 12 сырттай отырыстар өткізілді, 18 мәселе қаралды.

Комитет қараған негізгі мәселелер:

- 2018 жылғы «Сенім желісінің» жұмыс істеу мониторингінің нәтижелері туралы есеп;
- 2019 жылға арналған Ішкі аудиттің жылдық Жоспары және ішкі аудит жоспарының орындалуы туралы тоқсандық есептер

### Құрамы:

Звягинцев Денис Александрович – Комитет Төрағасы (28.11.2012 ж. тағайындалды);  
Ашурков Алексей Анатольевич – Комитет мүшесі (13.06.2017 ж. тағайындалды);  
Анашкин Григорий Михайлович – Комитет мүшесі (08.05.2019 ж. тағайындалды);

## 3

«Жинақ банкі» АҚ ЕБ Директорлар кеңесінің әлеуметтік мәселелер бойынша комитеті - Директорлар кеңесінің консультациялық-кеңесші органы Банктің корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік жүйесін қалыптастыру және әрекет етуін қамтамасыз ету мәселелері бойынша ұсыныстар мен ұсыныстарды әзірлеу мақсатында құрылған.

«Жинақ банкі» АҚ ЕБ Директорлар кеңесі «Жинақ банкі» АҚ ЕБ Директорлар кеңесінің Әлеуметтік мәселелер бойынша комитетінің құрамын ҚР заңнамасының талаптарына және «Сбербанк» АҚ ЕБ ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес белгілейді.

2019 жылы «Жинақ банкі» АҚ ЕБ Директорлар кеңесінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеті (бұдан әрі - Комитет) 3 сырттай отырыс өткізді, 3 мәселе қаралды. Комитет 2018 жылғы және 2019 жылғы бірінші жартыжылдықтағы «Жинақ банкі» АҚ ЕБ қайырымдылық жобалары бойынша есепті қарады.


### Құрамы:

Звягинцев Денис Александрович – Комитет Төрағасы (28.11.2012 ж. тағайындалды);  
Ситнов Владимир Вячеславович – Комитет мүшесі (13.06.2017 ж. тағайындалды);  
Белянина Анастасия Эдуардовна – Комитет мүшесі (28.11.2012 ж. тағайындалды);  
Тасқаранов Нурсұлтан Габдиль-Мажитович – Комитет мүшесі (17.02.2016 ж. тағайындалды).

2019 ж. Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақы мөлшері - 105,8 млн.тг.

Жыл ішіндегі жұмыстар нәтижелері бойынша Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйлықақы беру Банктің қолжеткізген қаржылық нәтижесіне қарай, сондай-ақ ҚР заңнамасы нормасы мен талаптарын басшылыққа ала отырып жүзеге асырылады.

# «ЖИНАҚ БАНКІ» АҚ ЕБ ӨНДІРІСТІК ҚҰРЫЛЫМЫ



**01.06.2020 ж.  
«ЖИНАҚ БАНКІ» АҚ ЕБ  
БАСҚАРМАСЫ**



# ТЕНИЗБАЕВ ЕЛЬДАР АМАНТАЕВИЧ

«Жинақ банкі» АҚ ЕБ Басқарма Төрағасы

Туған жылы: 1984 ж.

## Жұмыс тәжірибесі:

**2013** жыл

"Жинақ банкі" АҚ ЕБ  
Басқарма Төрағасының  
Орынбасары

**2016** жыл

«Сбербанк Лизинг  
Казахстан» ЖШС  
Қадағалау кеңесінің  
мүшесі

**2019** жыл

«Жинақ банкі» АҚ ЕБ  
Басқарма Төрағасының  
Бірінші Орынбасары

**2020** жыл

"Жинақ банкі" АҚ ЕБ  
Басқарма Төрағасы



### ТИТОВ АЛЕКСАНДР ВИКТОРОВИЧ

«Жинақ банкі» АҚ ЕБ  
Басқарма Төрағасының  
Орынбасары

Туған жылы: 1973 ж.

#### Жұмыс тәжірибесі:

##### 2017 - 2018 жылдары

Аға басқарушы директор -  
«Сбербанк» ЖАҚ халықаралық  
бизнесі дамыту басқармасының  
директоры

##### 2018 - 2020 жылдары

Аға басқарушы директор -  
«Сбербанк» ЖАҚ халықаралық  
корпоративтік бизнесі дамыту  
басқармасының директоры

##### 2020 жыл

«Жинақ банкі» АҚ ЕБ Басқарма  
төрағасының орынбасары



### АКИМОВ АЛЕКСЕЙ ВЛАДИМИРОВИЧ

«Жинақ банкі» АҚ ЕБ  
Басқарма Төрағасының Бөлшек  
бизнес жөніндегі Орынбасары

Туған жылы: 1976 ж.

#### Жұмыс тәжірибесі:

##### 2016 жыл

«Жинақ банкі» АҚ ЕБ Басқарма  
Төрағасының Бөлшек бизнес  
жөніндегі Орынбасары



### ТАСКАРАНОВ НУРСУЛТАН ГАБДИЛЬ-МАЖИТОВИЧ

«Жинақ банкі» АҚ ЕБ  
Басқарма Төрағасының  
Орынбасары

Туған жылы: 1978 ж.

#### Жұмыс тәжірибесі:

##### 2012 жыл

«Жинақ банкі» АҚ ЕБ Басқарма  
Төрағасының Орынбасары

##### 2016 жыл

«Сбербанк Лизинг Казахстан»  
ЖШС Қадағалау кеңесінің мүшесі



### АРАКЕЛЯН ГЕОРГИЙ ГУРГЕНОВИЧ

«Жинақ банкі» АҚ ЕБ  
Басқарма Төрағасының  
Орынбасары

Туған жылы: 1980 ж.

#### Жұмыс тәжірибесі:

##### 2017 жыл

«БИНБАНК» ЖАҚ  
Директорлар Кеңесінің мүшесі

##### 2018 жыл

«Жинақ банкі» АҚ ЕБ  
Тәуекелдер жөніндегі  
басқарушы директор

##### 2020 жыл

«Жинақ банкі» АҚ ЕБ Басқарма  
Төрағасының Орынбасары



### ЯМАНОВ ДЕНИС АЛЕКСАНДРОВИЧ

«Жинақ банкі» АҚ ЕБ  
Басқарма Төрағасының  
Орынбасары

Туған жылы: 1980 ж.

#### Жұмыс тәжірибесі:

##### 2013 жыл

«Жинақ банкі» АҚ ЕБ  
Басқарма Төрағасының  
Орынбасары



### НАКИСБЕКОВ ЕРНАР НАРЫМЖАНОВИЧ

«Жинақ банкі» АҚ ЕБ  
Басқарма Төрағасының  
Орынбасары

Туған жылы: 1984 ж.

#### Жұмыс тәжірибесі:

##### 2015 - 2019 жылдары

Beeline Қырғызстан,  
VEON Group (Бішкек),  
Бас директор

##### 2019 жыл

Digicel Group Папуа - Жаңа Гвинея  
(Порт-Морсби), Бас директор  
Renaissance Insurance Ресей  
(Мәскеу), Атқарушы  
Вице-Президент, СОО

##### 2020 жыл

«Жинақ банкі» АҚ ЕБ  
Басқарма Төрағасының  
Орынбасары

#### 2019 ж. Басқарма мүшелерінің сыйақы мөлшері - 1 517 млн.тг.

2019 ж. 31 желтоқсандағы және 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша "Жинақ банкі" АҚ ЕБ акциялары туралы ақпарат

Қарапайым акциялар саны	Эмиссиялық табыс, миллион теңгеде	Номиналды құны, миллион теңгеде	Жарғылық капитал, миллион теңгеде
12 839 114	38 661	12 839	51 500

«Жинақ банкі» АҚ ЕБ Басқармасы 50 отырыс өткізді, олардың асында 1097 мәселе қаралды.

Мүдделі тараптармен өзара әрекет Қазақстан Республикасы заңнамасына және «Жинақ банкі» АҚ ЕБ ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

**2019 ЖЫЛДЫҢ  
НӘТИЖЕЛЕРІ  
БОЙЫНША  
ҚАРЖЫЛЫҚ  
КӨРСЕТКІШТЕР**



# ХҚЕС БОЙЫНША «ЖИНАҚ БАНКІ» АҚ ЕБ ҚАРЖЫЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕРІНІҢ ТАЛДАУЫ

## ХҚЕС БОЙЫНША ПАЙДА ЖӘНЕ ШЫҒЫН ТУРАЛЫ ЕСЕП

**68,1**

млрд. теңге

Таза  
табыс

**107,5**

млрд. теңге

Таза пайыздық  
табыс  
алдыңғы  
жылмен  
салыстырғанда  
49,5%-ға  
өсіп

**162,7**

млрд. теңге

Резервтерге  
дейінгі  
операциялық  
табыс 34,8%-ға  
артып

**23,04**

млрд. теңге

Таза  
комиссиялық  
табыс 6,4%-ға  
артып

COLLABORATION  
PARTNER  
OFFICE  
SERVICE

# ПАЙЫЗДЫҚ КІРІС

2019 жылы пайыздық 19,7%-ға артып, 180 млрд. теңгені құрады.

Пайыздық кірістер	2019		2018		Δ 2019г./2018г.		2017		Δ 2018г./2017г.	
	млн. теңге	үл.салм.	млн. теңге	үл.салм.	%	абс.	млн. теңге	үл.салм.	%	абс.
Клиенттерге кредиттер мен аванстар	161 403	89,5%	133 633	88,7%	20,8%	27 770	122 481	81,4%	9,1%	11 152
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық құнды қағаздар	7 901	4,4%	10 797	7,2%	- 26,8%	- 2 896	-	0,0%	0,0%	10 797
Сатуға арналған, қолда бар инвестициялық құнды қағаздар	-	0,0%	-	0,0%	0,0%	-	17 322	11,5%	- 100,0%	- 17 322
Ақша қаражаттары мен олардың баламалары	6 028	3,3%	4 447	3,0%	35,6%	1 581	9 392	6,2%	- 52,7%	- 4 945
Кредиттік мекемелердегі қаражаттар	1 712	0,9%	1 115	0,7%	53,5%	597	894	0,6%	24,7%	221
Амортизацияланған құны арқылы есептелетін инвестициялық құнды қағаздар	525	0,3%	474	0,3%	10,8%	51	-	0,0%	0,0%	474
Өтелгенге дейін ұсталатын инвестициялық құнды қағаздар	-	0,0%	-	0,0%	0,0%	-	448	0,3%	- 100,0%	- 448
Кері «репо» шарттары	261	0,1%	100	0,1%	161,0%	161	22	0,0%	354,5%	78
Сауда бағалы қағаздары	2 541	1,4%	127	0,1%	1900,8%	2 414	-	0,0%	0,0%	127
<b>Пайыздық кірістер жиыны</b>	<b>180 371</b>	<b>100%</b>	<b>150 693</b>	<b>100%</b>	<b>19,7%</b>	<b>29 678</b>	<b>150 559</b>	<b>100%</b>	<b>0,1%</b>	<b>134</b>

Жұмыстағы активтердің орташа табыстылығы өткен жылмен салыстырғанда 0,4 пайыздық пунктке артып, 11,0% құрады. Есептік кезең ішіндегі кредиттік портфельдің табыстылығы 13,4% құрады.

млн.теңге	2019			2018			2017		
	Орташа қалдықтар	Пайыздық кірістер	Орташа табыстылық, %	Орташа қалдықтар	Пайыздық кірістер	Орташа табыстылық, %	Орташа қалдықтар	Пайыздық кірістер	Орташа табыстылық, %
<b>Активтер</b>									
Ақша қаражаттары мен баламалары	199 828	6 028	3,0%	143 997	4 447	3,1%	108 386	9 392	8,7%
Өзге банктердегі қаражаттар	36 683	1 973	5,4%	15 377	1 215	7,9%	9 841	916	9,3%
Клиенттерге кредиттер мен аванстар	1 203 490	161 403	13,4%	1 074 454	133 633	12,4%	960 431	122 481	12,8%
Бағалы қағаздар	194 790	10 967	5,6%	185 568	11 398	6,1%	239 453	17 770	7,4%
<b>Жұмыстағы барлық активтер</b>	<b>1 634 791</b>	<b>180 371</b>	<b>11,0%</b>	<b>1 419 396</b>	<b>150 693</b>	<b>10,6%</b>	<b>1 318 109</b>	<b>150 559</b>	<b>11,4%</b>

# ПАЙЫЗДЫҚ ШЫҒЫНДАР

Пайыздық шығындар	2019		2018		Δ 2019г./2018г.		2017		Δ 2018г./2017г.	
	млн. теңге	үл.салм.	млн. теңге	үл.салм.	%	абс.	млн. теңге	үл.салм.	%	абс.
Жеке тұлғалардың мерзімді салымдары	- 32 970	45,3%	- 42 961	54,5%	- 23,3%	9 991	- 36 499	49,7%	17,7%	- 6 462
Корпоративтік клиенттердің мерзімді салымдары	- 25 440	34,9%	- 20 796	26,4%	22,3%	- 4 644	- 19 737	26,9%	5,4%	- 1 059
Кредиттік мекемелердің қаражаттары	- 8 081	11,1%	- 8 220	10,4%	- 1,7%	139	- 9 644	13,1%	-14,8%	1 424
Шығарылған борышкерлік бағалы қағаздар	- 4 438	6,1%	- 4 208	5,3%	5,5%	- 230	- 5 331	7,3%	-21,1%	1 123
Корпоративтік клиенттердің және жеке тұлғалардың ағымдық шоттары	-	0,0%	- 2 166	2,7%	-100,0%	2 166	- 2 115	2,9%	2,4%	- 51
Жалға алу бойынша міндеттемелер	- 118	0,2%	-	0,0%	0,0%	-	-	-	-	-
Бағалы қағаздармен «репо» шарттар	- 1 811	2,5%	- 420	0,5%	331,2%	- 1 391	- 124	0,2%	238,7%	- 296
<b>Пайыздық шығындар жиыны</b>	<b>- 72 858</b>	<b>100%</b>	<b>- 78 771</b>	<b>100%</b>	<b>-7,5%</b>	<b>5 913</b>	<b>-73 450</b>	<b>100%</b>	<b>7,2%</b>	<b>-5 321</b>

2019 жылы пайыздық шығындар 2018 жылмен салыстырғанда 7,5%-ға, яғни 5,9 млрд. теңгеге кеміп, есептік күні 72,9 млрд. теңгені құрады. Клиенттердің тартылған қаражаттары бойынша шыққан шығынының үлесі 80,2% құрады, яғни өткен жылға қарағанда 3,5%-ға төмендеді. Шығарылған облигациялар бойынша шығындар үлесі 6,1% құрады (2018 жылы 5,3%). Банк қаражаттары бойынша шығындар 139 млн. теңгеге артып, үлесі 11,1%-ды (2018 жылы 10,4%) құрады.

млн. теңге	2019			2018			2017		
	Орташа қалдықтар	Пайыздық шығындар	Орташа құны, %	Орташа қалдықтар	Пайыздық шығындар	Орташа құны, %	Орташа қалдықтар	Пайыздық шығындар	Орташа құны, %
<b>Міндеттемелер</b>									
Кредиттік мекемелердің қаражаттары	146 441	9 892	6,8%	158 067	8 640	5,5%	151 956	9 768	6,4%
Клиенттердің қаражаттар	1 555 378	58 410	3,8%	1 407 658	65 923	4,7%	1 309 236	58 351	4,5%
Шығарылған борышкерлік бағалы қағаздар	51 122	4 438	8,7%	52 671	4 208	8,0%	62 101	5 331	8,6%
<b>Барлық ақылы пассивтер</b>	<b>1 752 940</b>	<b>72 740</b>	<b>4,1%</b>	<b>1 618 396</b>	<b>78 771</b>	<b>4,9%</b>	<b>1 523 292</b>	<b>73 450</b>	<b>4,8%</b>

# ТАЗА КОМИССИЯЛЫҚ КІРІС

Банктің таза комиссиялық кірісі 6,4%-ға немесе 1,4 млрд. теңгеге өсті және 2020 жылғы 1 қаңтарда 23,04 млрд.теңгені құрады.

Комиссиялық кірістің негізгі сомасы есеп айырысу-кассалық операциялар мен төлем карталарымен жүргізілген операциялар бойынша комиссиялардан тұрады.

млн. теңге	2019 жыл	2018 жыл	2019 ж. өзгеріс, %	2019 ж. өзгеріс, абс	2017 жыл	2018 ж. өзгеріс, %	2018 ж. өзгеріс, абс.
<b>Комиссиялық кірістер</b>	<b>37 252</b>	<b>31 341</b>	<b>18,9%</b>	<b>5 911</b>	<b>25 797</b>	<b>21,5%</b>	<b>5 544</b>
Төлем карталарымен операциялар	12 946	11 254	15,0%	1 692	7 224	55,8%	4 030
Есеп айырысу операциялары	9 036	7 825	15,5%	1 211	7 179	9,0%	646
Кассалық операциялар	4 425	4 530	-2,3%	-105	4 385	3,3%	145
Пакеттік ұсыныстар	3 026	2 109	43,5%	917	851	147,8%	1 258
Шетел валютасымен операциялар	1 833	1 806	1,5%	27	1 806	0,0%	-
Берілген кепілдіктер	2 822	1 781	58,5%	1 041	1 578	12,9%	203
Агенттік қызметтер	1 648	678	143,1%	970	73	828,8%	605
Құжаттамалық есеп-айырысулар	259	260	-0,4%	-1	1 656	-84,3%	-1 396
Басқа	1 257	1 098	14,5%	159	1 045	5,1%	53
<b>Комиссиялық шығындар</b>	<b>-14 210</b>	<b>-9 676</b>	<b>46,9%</b>	<b>-4 534</b>	<b>-5 597</b>	<b>72,9%</b>	<b>-4 079</b>
<b>Таза комиссиялық кіріс</b>	<b>23 042</b>	<b>21 665</b>	<b>6,4%</b>	<b>1 377</b>	<b>20 200</b>	<b>7,3%</b>	<b>1 465</b>

2019 жылы есеп айырысу-кассалық операциялар бойынша алынған комиссиялық кіріс өткен жылмен салыстырғанда 1,1 млрд. теңгеге, төлем карталары бойынша 1,7 млрд. теңгеге өсті.

# ПАЙЫЗСЫЗ КІРІС

млн.теңге	2019 жыл	2018 жыл	2019 ж. өзгеріс, %	2019 ж. өзгеріс, абс.	2017 жыл	2018 ж. өзгеріс, %	2018 ж. өзгеріс, абс.
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық құнды қағаздардың танылуын тоқтату нәтижесіндегі кірістер	-	169	-100,0%	-169	-	0,0%	169
Сату үшін қолда бар инвестициялық бағалы қағаздармен операциялар бойынша шығындарды шегеріп тастағандағы кірістер	8	-	0,0%	8	366	-100,0%	-366
Шетел валютасындағы операциялар бойынша және туынды қаржы құралдары бойынша кірістер	31 855	26 453	20,4%	5 402	13 436	96,9%	13 017
Мемлекеттік субсидиялардан кіріс	258	1 144	-77,4%	-886	-	0,0%	1 144
Амортизацияланған құны арқылы есептелетін қаржылық активтердің бастапқы танылуы нәтижесіндегі таза шығындар	-	-297	-100,0%	297	-	0,0%	-297
<b>Өзге де кірістер</b>	<b>651</b>	<b>933</b>	<b>-30,2%</b>	<b>-282</b>	<b>2 144</b>	<b>-56,5%</b>	<b>-1 211</b>
<b>Өзге де шығындар</b>	<b>-637</b>	<b>-1 310</b>	<b>-51,4%</b>	<b>673</b>	<b>-2 411</b>	<b>-45,7%</b>	<b>1 101</b>

Банктің пайызсыз кірістері 18,6%-ға артып, 5,04 млрд. теңгені құрады.

Шетел валютасындағы операциялар бойынша және туынды қаржы құралдары бойынша кірістер 2019 жылы 5,4 млрд. теңгеге өсті.

# ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ШЫҒЫНДАР

Банктің есеп беру кезеңіндегі операциялық шығындары 8,3%-ға немесе 3 892 млн.теңгеге артты және 2020 жылғы 1 қаңтарда 51,04 млрд. теңгені құрады. Өсім қызметкерлерге шығындардың 1 093 млн.теңгеге (өткен жылмен салыстырғанда +19,3%), негізгі құралдардың амортизациясы бойынша шығындар 1 664 млн. теңгеге немесе +28,5%-ға артуына байланысты орын алды.

млн. теңге	2019 жыл	2018 жыл	2019 ж. өзгеріс, %	2019 ж. өзгеріс, абс.	2017 жыл	2018 ж. өзгеріс, %	2018 ж. өзгеріс, абс.
Қызметкерлерге шығындар	27 212	22 803	19,3%	4 409	21 710	5,0%	1 093
Кіріс салығынан басқа салықтар	1 262	1 088	16,0%	174	1 013	7,4%	75
Әкімшілік-шаруашылық шығындар	12 551	14 458	-13,2%	-1 907	9 753	48,2%	4 705
Негізгі қаражаттардың амортизациясы	7 510	5 846	28,5%	1 664	4 645	25,9%	1 201
Салымдарды кепілдендірілген сақтандыру бойынша шығындар	2 507	2 955	-15,2%	-448	2 932	0,8%	23
<b>Барлық операциялық шығындар</b>	<b>51 042</b>	<b>47 150</b>	<b>8,3%</b>	<b>3 892</b>	<b>40 053</b>	<b>17,7%</b>	<b>7 097</b>

# ХҚЕС БОЙЫНША «ЖИНАҚ БАНКІ» АҚ ЕБ БАЛАНСЫ ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ТАЛДАУЫ

## АКТИВТЕР

2019 жылы Банк активтері 16,7%-ға немесе 313 млрд. теңгеге өсіп, 01.01.2020 жылы - 2 184 млрд. теңгені құрады.

Кредиттік портфель 01.01.2020 жылы 1 286,7 млрд. теңгені құрады. Бір жылдағы өсім 166,5 млрд. теңгені немесе 14,9% құрады.

Банктің жиынтық активтеріндегі кредиттік портфельдің үлесі 58,9%-ды құрады.

Ақшалай қаражат пен олардың баламалары 6,7%-ға немесе 33,98 млрд. теңгеге өсті және 539 млрд. теңгені құрады. Есеп берілген күнгі активтердегі ақшалай қаражаттың үлесі 24,7%-ды құрады.

Банктің жиынтық активтеріндегі басқа банктердегі қаражатының үлесі өткен кезеңмен салыстырғанда 1,8%-ға өсіп, 55,7 млрд. теңгені құрады.

2019 жылғы бағалы қағаздар портфелі 12,9%-ға немесе 21 млрд. теңгеге артып, 01.01.2020 ж. 184 млрд. теңгені құрады.

Активтер бойынша Банктің нарықтық үлесі 2019 жылы 8,2% құрады, Банкактивтер көлемі бойынша банктік секторда екінші орынды алады.

Активтер	2019		2018		2019 ж. өсім		2017 млн. теңге	2018 ж. өсім	
	млн. теңге	үл.салм	млн. теңге	үл.салм	абс.	%		үл.салм	абс.
Ақша қаражаттары мен олардың баламалары	538 987	24,7%	505 008	23,1%	33 979	6,7%	427 325	24,6%	77 683
Өзге банктердегі қаражаттар	55 732	2,6%	17 634	0,8%	38 098	216,0%	13 120	0,8%	4 514
Туынды қаржы құралдары	42 423	1,9%	-	0,0%	42 423	-	17	0,0%	-17
Клиенттерге кредиттер мен аванстар	1 286 748	58,9%	1 120 232	51,3%	166 516	14,9%	1 028 676	59,2%	91 556
Инвестициялық бағалы қағаздары	184 086	8,4%	163 070	7,5%	21 016	12,9%	208 066	12,0%	-44 996
Ағымдық корпоративтік кіріс салығы бойынша активтер	1 213	0,1%	-	0,0%	1 213	-	377	0,0%	-377
Негізгі қаражаттар	38 724	1,8%	30 964	1,4%	7 760	25,1%	32 062	1,8%	-1 098
Материалды емес активтер	20 565	0,9%	16 312	0,7%	4 253	26,1%	15 905	0,9%	407
Басқа активтер	15 113	0,7%	17 105	0,8%	-1 992	-11,6%	11 785	0,7%	5 320
<b>Активтер жиыны</b>	<b>2 183 591</b>	<b>-</b>	<b>1 870 325</b>	<b>-</b>	<b>313 266</b>	<b>16,7%</b>	<b>1 737 333</b>	<b>-</b>	<b>132 992</b>

# КЛИЕНТТЕРГЕ КРЕДИТТЕР

	2019		2018		2019 ж. өсім		2017	2018 ж. өсім	
	млн. теңге	үл.салм.	млн. теңге	үл.салм.	абс.	%	млн. теңге	үл.салм.	абс.
ЭТ Кредиттері	864 407	60,5%	865 941	68,2%	- 1 534	-0,2%	874 461	73,9%	-8 520
ЖТ Кредиттері	564 963	39,5%	403 490	31,8%	161 473	40,0%	308 920	26,1%	94 570
<b>Кредиттік портфель жиыны, брутто</b>	<b>1 429 370</b>	<b>-</b>	<b>1 269 431</b>	<b>-</b>	<b>159 939</b>	<b>12,6%</b>	<b>1 183 381</b>	<b>-</b>	<b>86 050</b>
Кредиттік портфельдің құнсыздануы жағдайына резерв	- 142 622	-	- 149 199	-	6 577	-4,4%	-154 705	-	5 506
<b>Кредиттік портфель жиыны, нетто</b>	<b>1 286 748</b>	<b>-</b>	<b>1 120 232</b>	<b>-</b>	<b>166 516</b>	<b>14,9%</b>	<b>1 028 676</b>	<b>-</b>	<b>91 556</b>

Өткен жылы кредиттік портфель брутто 159,9 млрд. теңгеге немесе 12,6%-ға өсті, оның ішінде:

- заңды тұлғалардың кредиттік портфелі 0,2%-ға немесе 1,5 млрд. теңгеге төмендеді;
- жеке тұлғалардың кредиттік портфелі 40,0%-ға немесе 161,5 млрд. теңгеге төмендеді

2019 жыл ішінде негізгі кредиттеу секторлары келесілер болды:

	2019		2018		2019 ж. өсім	2017	2018 ж. өсім	
	млн. теңге	үл.салм.	млн. теңге	үл.салм.	млн. теңге	млн. теңге	үл.салм.	млн. теңге
Жеке тұлғалар үшін тұтынушылық, тұрғын үй және автокредиттер	564 963	39,5%	403 490	31,8%	161 473	308 920	26,1%	94 570
Сауда	259 695	18,2%	226 008	17,8%	33 687	237 711	20,1%	-11 703
Өндіріс	189 258	13,2%	218 626	17,2%	-29 368	187 735	15,9%	30 891
Қызметтер	123 433	8,6%	126 416	10,0%	-2 983	136 305	11,5%	-9 889
Көлік	94 327	6,6%	90 868	7,2%	3 459	83 134	7,0%	7 734
Жылжымайтын мүлікпен операциялар	59 132	4,1%	77 874	6,1%	-18 742	81 798	6,9%	-3 924
Тау-кен өнеркәсібі	48 945	3,4%	49 523	3,9%	-578	59 068	5,0%	-9 545
Құрылыс	48 535	3,4%	45 436	3,6%	3 099	33 330	2,8%	12 106
Ауыл шаруашылығы	30 125	2,1%	23 134	1,8%	6 991	20 606	1,7%	2 528
Білімі	5 214	0,4%	5 598	0,4%	-384	4 262	0,4%	1 336
Жанармай-энергетикалық пайдалы қазбаларды өндіру	984	0,1%	1 515	0,1%	-531	29 888	2,5%	-28 373
Басқасы	4 759	0,3%	943	0,1%	3 816	624	0,1%	319
<b>Кредиттік портфель</b>	<b>1 429 370</b>	<b>-</b>	<b>1 269 431</b>	<b>-</b>	<b>159 939</b>	<b>1 183 381</b>	<b>-</b>	<b>86 050</b>

Банктің нарықтық үлесі 2019 жылы кредит қоржынының мөлшері бойынша 9,8% - ды құрады. Банк несиелік қоржын бойынша банк секторында екінші орын алады.

# МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Банктің 2019 жылғы міндеттемелері 14,8%-ға немесе 251,4 млрд. теңгеге артты. Негізгі өсу көзі заңды тұлғалардың және ипотекалық ұйымдардың тартылған қаражаты болып табылады.

	2019		2018		2019 ж. өсім		2017		2018 ж. өсім	
	млн. теңге	үл.салм.	млн. теңге	үл.салм.	абс.	%	млн. теңге	үл.салм.	абс.	%
Кредиттік мекемелердің қаражаттары	132 946	6,8%	159 935	9,4%	-26 989	-16,9%	156 199	9,9%	3 736	2,4%
Корпоративтік клиенттердің қаражаттары	857 286	44,0%	676 096	39,9%	181 190	26,8%	627 561	39,9%	48 535	7,7%
Жеке тұлғалардың қаражаттары	785 827	40,3%	791 546	46,7%	-5 719	-0,7%	720 113	45,8%	71 433	9,9%
Шығарылған борышкерлік бағалы қағаздар	51 299	2,6%	50 944	3,0%	355	0,7%	54 397	3,5%	-3 453	-6,3%
Ипотекалық ұйым алдындағы міндеттемелер	97 805	5,0%	-	-	97 805	100,0%	-	-	-	-
Кейінге қалдырылған корпоративтік кіріс салығы бойынша міндеттемелер	3 169	0,2%	2 477	0,1%	692	27,9%	7 077	0,4%	-4 600	-65,0%
Өзге де міндеттемелер	19 360	1,0%	15 251	0,9%	4 109	26,9%	7 919	0,5%	7 332	92,6%
<b>Міндеттемелер жиыны</b>	<b>1 947 692</b>	<b>-</b>	<b>1 696 249</b>	<b>-</b>	<b>251 443</b>	<b>14,8%</b>	<b>1 573 266</b>	<b>-</b>	<b>122 983</b>	<b>7,8%</b>

2019 жылы кредиттік мекемелердің қаражаттары 16,9%-ға немесе 27 млрд. теңгеге азайып, 132,9 млрд. теңгені құрады.

Бір жыл ішінде заңды тұлғалардың қаражаттары 26,8%-ға немесе 181,2 млрд. теңгеге артты, жеке тұлғалардың қаражаттары 0,7%-ға немесе 5,7 млрд. теңгеге төмендеді.

Шығарылған борышкерлік бағалы қағаздар портфелі 0,7%-ға немесе 0,4 млрд. теңгеге артты.

# КЛИЕНТТЕРДІҢ ҚАРАЖАТТАРЫ

Клиенттердің қаражаттары міндеттемелер көлемінің 84,4% құрайтын үлес салмағымен банктің негізгі қор көздері болып табылады.

	2019		2018		2019 ж. өсім		2017		2018 ж. өсім	
	млн. теңге	үл.салм.	млн. теңге	үл.салм.	абс.	%	млн. теңге	үл.салм.	абс.	%
<b>Корпоративтік клиенттер</b>										
Ағымдық шоттары	389 798	45,5%	310 497	45,9%	79 301	25,5%	274 053	43,7%	36 444	13,3%
Мерзімдік депозиттер	465 482	54,3%	365 599	54,1%	99 883	27,3%	353 508	56,3%	12 091	3,4%
“репо” Шарттары	2 006	0,2%	-	-	2 006	-	-	-	-	-
<b>Корпоративтік клиенттердің қаражаттары</b>	<b>857 286</b>	<b>52,2%</b>	<b>676 096</b>	<b>46,1%</b>	<b>181 190</b>	<b>26,8%</b>	<b>627 561</b>	<b>46,6%</b>	<b>48 535</b>	<b>7,7%</b>
<b>Жеке тұлғалар</b>										
Ағымдық шоттары	124 116	15,8%	119 625	15,1%	4 491	3,8%	94 593	13,1%	25 032	26,5%
Мерзімді салымдар	661 711	84,2%	671 921	84,9%	-10 210	-1,5%	625 520	86,9%	46 401	7,4%
<b>Жеке тұлғалардың қаражаттары</b>	<b>785 827</b>	<b>47,8%</b>	<b>791 564</b>	<b>53,9%</b>	<b>-5 719</b>	<b>-0,7%</b>	<b>720 113</b>	<b>53,4%</b>	<b>71 433</b>	<b>9,9%</b>
<b>Клиенттердің қаражаттар</b>	<b>1 643 113</b>		<b>1 467 642</b>		<b>175 471</b>	<b>12,0%</b>	<b>1 347 674</b>		<b>119 968</b>	<b>8,9%</b>

01.01.2020 ж. клиенттердің қаражаттары 1 643,1 млрд. теңгені құрап, 12%-ға немесе 175,5 млрд. теңгеге ұлғайды, оның ішінде:

- корпоративтік клиенттердің қаражаттары бойынша – 26,8% немесе 181,2 млрд. теңге өсім;
- жеке тұлғалардың қаражаттары бойынша – 0,7%-ға немесе 5,7 млрд. теңгеге төмендеу.

## Корпоративтік клиенттердің қаражаттарын экономика салалары бойынша бөлу төмендегідей көрініс табады:

1. Тұтынушыларға қызмет көрсету - 18,7%
2. Өндіріс – 18,3%
3. Сауда – 17,8%
4. Жылжымайтын мүлік және құрылыс - 17,0%
5. Сақтандыру және зейнетақы қорлары - 9,1%
6. Қаржылық, инвестициялық қызмет - 8,9%
7. Тау-кен қазу өнеркәсібі - 3,4%
8. Ауыл шаруашылығы - 2,1%
9. Көлік және байланыс - 1,8%
10. Мұнай-газ өнеркәсібі - 1,5%
11. Мемлекеттік басқару – 0,1%
12. Басқасы - 1,3%

Клиенттік ресурстар нарығындағы Банктің үлесі заңды тұлғалар бойынша 8,0%-дан 9,6%-ға артты, жеке тұлғалардың қаражаттары бойынша 8,7%-дан 8,2%-ға төмендеді.

# ШЫҒАРЫЛҒАН БОРЫШКЕРЛІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР

31.12.2019 ж. жағдай бойынша борышкерлік бағалы қағаздар жылдық 6,30%-11,00% номиналдық сыйақы мөлшерлемесімен және 2020-2021 ж. өтеу мерзімімен теңгеге ұсақтандырып реттелген ҚҚБ облигацияларының екі эмиссиясымен берілді.

2019 жылы Банк ТХВ№5 субординацияланған купондық облигацияларды жоспарлы өтеуді жүзеге асырды.

Шығарылған облигациялардың баланстық құны 2019 жылғы 31 желтоқсанда 51,3 млрд. теңгені құрады.

## МЕНШІКТІ КАПИТАЛДЫҢ ЖЕТКІЛІКТІЛІГІ

	2019 жылғы 1 қаңтар млн. теңге	2020 жылғы 1 қаңтар млн. теңге	Өсу қарқыны	
			абс.	%
Жарғылық капитал	51 500	51 500	0	0,00%
Бөлінбеген пайда	103 194	160 601	57 407	55,63%
Басқа	5 182	3 290	-1 893	-36,52%
<b>Капитал жиыны</b>	<b>159 877</b>	<b>215 390</b>	<b>55 514</b>	<b>34,72%</b>

2019 жылы меншікті капитал 34,72% - ға немесе 55,5 млрд. теңгеге, оның ішінде Банктің таза пайдасы есебінен 67,9 млрд. теңгеге ұлғайды.

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдайға сәйкес 12 838 826 шығарылған акциялар (99,99%) Иегер компанияға тиесілі.

ҚРҰБ реттеуші органының талаптарына сәйкес есептелген капитал жеткіліктілігінің коэффициенттері талап етілетін ең төменгі деңгейден асып түседі.

2019 жыл ішінде Банк меншікті капиталдың жеткіліктілік нормативтеріне қатысты барлық белгіленген талаптарды сақтады.


	Реттеу нормативтері	2020 жылғы 1 қаңтар	2019 жылғы 1 қаңтар
Капиталдың жеткіліктілік коэффициенті k1-1	min 7,5%	14,25%	11,45%
Капиталдың жеткіліктілік коэффициенті k1-2	min 8,5%	14,25%	11,45%
Капиталдың жеткіліктілік коэффициенті k2	min 10,0%	14,25%	11,59%

# 2019 ЖЫЛДАҒЫ ҚЫЗМЕТ ТУРАЛЫ ЕСЕП МАКРОЭКОНОМИКА

ҚР нақты ЖІӨ серпіні және мұнай бағасы



Жылдық инфляция және базалық мөлшерлеме



Теңгенің АҚШ долларына және ресей рубліне қатысты бағамы



2019 жылы нақты ЖІӨ өсімі соңғы алты жыл ішінде энергия көздерінің бағасын тұрақтандыру, тұтыну мен инвестициялар көлемінің өсуі нәтижесінде рекордтық 4,5% құрады.

2019 жылы инфляция деңгейі 4-6% нысаналы дәліз шегінде болды. Инфляция өсімінің драйвері азық-түлік тауарлары болды. Базалық мөлшерлеме пайыздық дәлізді +/-1 п.п. деңгейінде сақтай отырып, 9,25% деңгейінде қалды.

2019 жылы теңге бағамы Батыс елдері тарапынан Ресейге санкциялық қысым және АҚШ пен Қытай арасындағы сауда келіспеушіліктері сияқты сыртқы оқиғалардың әсерінен біртіндеп өзгерді.

# БАНКТІК СЕКТОР


ЕДБ активтерінің көлемі және ҚР ЖІӨ-дегі ЕДБ активтерінің үлесі



ЗТ және ЖТ Кредиттері



ЗТ және ЖТ Салымдары



Банк секторының экономикаға әсер ету деңгейінің төмендеуі 2019 жылы жалғасты. Негізгі фактор 2014-2016 жж. дағдарыс кезінен бастап жалғасып келе жатқан секторды корпоративтік кредит берудегі стагнация болды.


Корпоративтік кредит қоржынының қысқаруы 2019 жылы сектор қоржыны өсімінің негізгі драйвері болған бөлшек кредит беру өсімінің есебінен нивелирленген

Халықтың банктерге деген өсіп келе жатқан сенімінің аясында 2019 жылы бөлшек депозиттердің өсуі байқалды, олардың көлемі корпоративтік депозиттер көлемінен асып түсті.

# БАНКТІК СЕКТОР

Көлемдік көрсеткіштердің өсу қарқыны бойынша Жинақ банкі активтерді және қарыз қоржынын өсіру, 2019 жылы салымдарды тарту бойынша тиімді жұмыс нәтижесінде нарықты озып түсуде.

Сапалық көрсеткіштер тұрғысынан Жинақ банкі операциялық қызметтің тиімділігін арттыру, ішкі процестерді оңтайландыру, операциялардың жылдамдығын арттыру, кредит қоржынының сапасын арттыру бойынша тиімді жұмыс есебінен сектордан жоғары.



# БӨЛШЕК БИЗНЕС

2019 жылдың қорытындысы бойынша клиенттер саны 802 мыңнан 1 065 мыңға дейін өсті, динамикасы +263 мың адам немесе +33%

2019 жылы бөлшек бизнестің несиелік портфелі өсімі 43%-ды құрады, бұл өз кезегінде нарық бойынша өсімнен 2 есе артық.

Бөлшек блоктың несиелік портфелі 2019 ж. нәтижелері бойынша 528 млрд. теңгені құрады, жеке тұлғалардың кредиттерін сату кезінде – 361 млрд тг. құрады, соның ішінде:

- Тұтынушылық заемдар бойынша кредиттер портфелі 2018 жылмен салыстырғанда 19%-ға артты, 2019 жылы 196 млрд. теңгеден 234 млрд теңгеге дейін артты.
- Автокредиттер бойынша кредиттер портфелі 2018 жылмен салыстырғанда 79%-ға артып, 2019 жылы 36 млрд. теңгеден 64,1 млрд. теңгеге дейін артты.
- Тұтынушылық заемдар бойынша кредиттер портфелі 2018 жылмен салыстырғанда 67%-ға артып, 2019 жылы 137 млрд. теңгеден 230 млрд. теңгеге дейін артты.

2018 жылмен салыстырғанда кредиттер бойынша нарықтағы үлес 0,9 п.п. ұлғайды, 2019 жылдың қорытындысы бойынша 7,4% - дан 8,3% - ға дейін өсті.

2018 жылмен салыстырғанда төлем карталарын шығару бойынша өсім 69% - ды құрады, 2019 жылы шығарылым 472 мыңнан 795 мың картаға дейін ұлғайды.

Өнімдерді онлайн сату үлесі 10,6 п.п., 2018 жылы 4,8% - дан 2019 жылы 15,3% - ға дейін өсті.

Сбербанк Онлайн клиенттерінің саны 298 мың пайдаланушыдан 2019 жылы 500,3 мың пайдаланушыға дейін өсті, өсім 68% құрады.



# БӨЛШЕК БИЗНЕСТЕГІ НӘТИЖЕЛЕРГЕ КЕЛЕСІ ІС-ШАРАЛАР МЕН БАҒДАРЛАМАЛАРДЫҢ АРҚАСЫНДА ҚОЛЖЕТКІЗІЛДІ:

## Кредиттеу:

- Ипотечалық кредиттерді ресімдеу процесі автоматтандырылған. «7-20-25» және «Баспана Хит» мемлекеттік бағдарламалары бойынша нарықтағы көшбасшылық, барлық филиалдар бойынша автоматтандырылған процестің тиражы есебінен үлесі 48%.
- «ҚДБ» АҚ мемлекеттік бағдарламасы аясында отандық өндірістің автомобильдерін сатып алуға қаржыландыру үшін 11 млрд. теңге тартылды, сату үлесі 20%;
- Автокредит өнімі бойынша жағдай жақсарды, Қ/Б автокөлік қатары кеңейтілді және бағалауға қойылатын талаптар қайта қаралды.
- Ашуға онлайн өтінім беру мүмкіндігі бар «Urban» кредиттік картасы/бөліп төлеу картасы» жаңа өнімін тираждау.
- Демалыс күндері кредит беру іске қосылды
- «Банк клиенттеріне Онлайн кредит беру» процесі оңтайландырылды
- Банк клиенттері емес басқалар үшін «Бірінші кредиттік Бюро» ЖШС сервистерін қолдана отырып, сенімді кредиттер бойынша онлайн-кредит беру процесін іске асыру
- Қашықтан қызмет көрсету арналарында кредиттерді мерзімінен бұрын өтеу сервистері енгізілді.

## Салымдар:

- Клиенттің қажеттіліктерін ескере отырып, өнімді автоматты іріктеу арқылы салымдарды ашу процесі көбейтілді.
- Салымдар бойынша автоматтандырылған процесс, жаңа салымды шығару уақыты қысқартылды

## Digital және төлем карталары:

- «Бейілділік бағдарламасы» аясында «MegaPlus+» жобасы іске қосылды, барлық Mega COO-да (Алматы және Нұр-Сұлтан) промо-нүктелер орнатылды
- Жедел эмиссия құрылғыларымен 100% сату нүктелері жабдықталған.
- Миниэробсерлер арқылы лезде шығару технологиясын пайдалана отырып, төлем карталарын шығару процесін оңтайландыру
- Төлем карталарына кейінгі қызмет көрсету процестері оңтайландырылды:
- Шымкент қ. клиентке карталарды адрестік жеткізу іске қосылды.
- Мобильді қосымшаға redesign жүргізілді
- Visa/MasterCard үшін GarminPay іске қосылды

## Мобильді қосымшада жаңа функционалдар қосылды:

- Төлем карталары бойынша Cashback іске қосу
- Мобильді қосымшадағы өтініш бетіне өту мүмкіндігі бар STORIES
- «Золотая корона» аударымдарын жіберу
- «mVisa» QR код бойынша төлемдер
- Ұялы телефон нөмірі бойынша тіркелу (қонақ СБОЛ)
- Қонақ СБОЛ клиенттері болып табылмайтын тіркелушілер үшін Сбербанк Онлайнда картадан картаға P2P аударымдар
- Бөліп төлеу картасын басқару
- Мобильді қосымшадағы валюта конвертері

# КОРПОРАТИВТІК БИЗНЕС

- 2019 жылы корпоративтік клиенттердің саны 14,8%-ға артып, 01.01.2020 ж. жағдай бойынша 55 мыңды құрады.
- 2019 жыл қорытындысы бойынша КБ несиелік қоржыны 912,7 млрд теңгені құрады. Өсім +2,2% (абс. +19,9 млрд теңге).
- 2019 жылы “Жинақ банкі” АҚ ЕБ ел экономикасын 912,7 млрд теңге мөлшерінде қаржыландырды.
- «Бизнестің жол картасы - 2020» мемлекеттік бағдарламасы аясында жалпы сомасы 566,1 млрд теңгені құрайтын 2 223 жоба мақұлданды.
- Толық цифрлық ҚҚА-да белсенді клиенттер үлесі 2019 жыл қорытындысы бойынша 40,6% құрады, 2018 ж. бұл көрсеткіш 26,5% құрады, өсім 14,1%
- 2019 жылдың нәтижелері бойынша заңды тұлғалардың интернет-офис жүйесі арқылы жүзеге асырған төлемдерінің саны жалпы төлемдер санының 98%-ын құрады.
- Өзіне-өзі қызмет көрсету құрылғылары (өзін-өзі инкассациялау) арқылы кіріс операциялары үлесінің 34% - дан 50% - ға дейін өсуі ;
- «Электрондық чек» жаңа өнімі бойынша өзіне-өзі қызмет көрсету құрылғылары арқылы шығыс операцияларының үлесі 26% құрайды.
- FX платформасына қосылған клиенттер саны 56% - ға артты және 01.01.20 ж. ~7 мың құрайды.



# 2019 ЖЫЛЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛҒАН КОРПОРАТИВТІК БИЗНЕС ІС-ШАРАЛАРЫ МЕН БАҒДАРЛАМАЛАРЫ:

«Жинақ банкі» АҚ ЕБ – Қазақстан Республикасының ірі шетелдік институционалдық инвесторы. Қазақстандағы шетелдік ЕДБ-лер арасында қаржыландыру көлемі бойынша бірінші. Иегер Банктің қолдауы және Сбербанк тобының синергиясы кейінгі 5 жылда да шетел банктері арасындағы көшбасшылық позициясы сақталады деп айтуға мүмкіндік береді.

## Кредиттеу:

- Қазақстан экономикасы үшін маңызды келесі компаниялар қаржыландырылды: «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС, «Қазақстандық Коммуналдық жүйелер» ЖШС, «Қазақалтын» ТМК» АҚ, «Тау-кен технологиялары» ЖШС, «Баян Сұлу» АҚ, «Green Capital» ЖШС және т. б.
- Сбербанк түрлі даму институттары («Даму» ҚДК, «Қазақстанның Даму Банкі» (ҚДБ) АҚ және т.б.) ат салысатын мемлекеттік бағдарламалардың көпшілігінің белсенді қатысушысы болып табылады.

## «БЖК 2020» бағдарламасы шеңберінде мыналар іске асырылды:

- Маңғыстау облысында «АКМІХ» брендімен құрғақ құрылыс қоспаларын және гипсті өндіру үшін зауыт салу;
- Петропавл қаласында сүт өңдеу және сүт өнімдерін өндіру бағытымен «ЭкоМол Сергеевка» маркалы жаңа зауытты қаржыландыру;
- Атырау қаласында қаптама кірпіш (лего-кірпіш) өндірісін ұйымдастыру үшін жабдықтар сатып алу;
- Павлодар қаласындағы диагностикалық медициналық орталықты қазіргі заманғы жабдықтармен жабдықтау («MEDICO» ЖШС);
- Жамбыл облысында «Богатое» күнбағыс майын өндіру бойынша қуатты ұлғайту;
- Талдықорған аккумулятор зауытына жаңа жабдықтар сатып алу және қолданыстағыларын жаңғырту;
- Оңтүстік астананың автопарктерінің бірін жоғары экологиялық стандарттарға сай келетін заманауи және жайлы автобустармен жаңарту;
- Вагондардың жылжымалы құрамына толыққанды жөндеу жүргізу үшін қажетті қосалқы бөлшектер сатып алу мақсатында Тараз қаласында вагон депосын қаржыландыру.

- «Жинақ банкі» АҚ ЕБ Қазақстан Республикасы аумағында шығарылған тауарлар мен өнімдерді экспорттауға бағытталған жобаларды қаржыландыруға белсене ат салысады. «KazakhExport» ЭСК» АҚ-мен ынтымақтастық шеңберінде еліміздің экспорттық әлеуетін арттыру үшін маңызды жобаларды іске асыруда Ақтөбе облысында жылыжай кешені ашылды, 60 жұмыс орны құрылды.

## Салымдар:

- Мерзімнің басында сыйақыны төлеумен «Экспресс» депозиті енгізілді.

## Digital и продукты:

### Digital және өнімдер:

- SberBusines платформасында жаңа қызметтер енгізілді: E-invoicing, Менің бухгалтериям, төлемдер пікірлері, фондық бейнелерді орнату және т. б.
- Android базасында «SberBusiness» мобильді қосымшасын тираждау басталды.
- «Менің бухгалтериям» банктік емес сервистің серіктестік бағдарламасы жүзеге асырылды.
- Онлайн кредиттеу, корпоративтік карталар үшін өнімдік шешім іске қосылды.
- «Шектеулерді жоямыз» 3.0 трансшекаралық акциясы іске қосылды.
- Жаңа компанияларға онлайн шот ашу үшін E-Gov-пен интеграция жүргізілді.

# ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТІ МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ АЯСЫНДА ҚАРЖЫЛАНДЫРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ:

- Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы аясында «Жинақ банкі» АҚ ЕБ қосымша 4,3 млрд. теңгеге қаражат алды, бағдарламаның жалпы көлемі 12 млрд. теңгені құрады;
- «Даму аймақтары III» ШОКС аймақтық басым жобаларын қаржыландыру бағдарламасы аясында «Жинақ банкі» АҚ ЕБ «Даму» ҚДҚ» АҚ-нан қосымша 6 млрд. теңге мөлшерінде қаражат алды, бағдарламаның жалпы көлемі 28 млрд. теңгені құрады;
- Өңдеуші өнеркәсіп саласындағы шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін кредиттеу бағдарламасы аясында «Жинақ банкі» АҚ ЕБ «Даму» ҚДҚ» АҚ-нан қосымша 5,4 млрд. теңге мөлшерінде қаражат алды, бағдарламаның жалпы көлемі 23,2 млрд. теңгені құрады.

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БИЗНЕС:

- Қаржы институттарымен жасалған мәмілелерден түскен комиссиялық кіріс 2019 жылы 396,6 млн теңгені құрады;
- Шетелдік қаржы институттарымен «KazakhExport» ЭСК» АҚ сақтандыруы арқылы сауда қаржыландыру бойынша жалпы сомасы шамамен 6 300 млн. теңгеге 54 мәміле жасалды
- «KazakhExport» ЭСК» АҚ бағдарламасы аясында 1 400 млн теңге көлемінде «экспорт алдындағы қаржыландыру» берілді;
- Жаңа 8 қаржы институтымен банкаралық нарықтағы операциялар туралы бас келісімдер, ISDA келісімдері мен корреспонденттік шоттар (Лоро) ашу туралы шарттар жасалды;
- «Сбербанк» ЖАҚ кепілдігімен СҚ мақсатына Ардашинбанк АҚ-мен (Армения) Банктік заем шарты жасалды.

## СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСТІК

2019 жылдың нәтижелері бойынша «Жинақ банкі» АҚ ЕБ мемлекеттік бағдарламаларға қатысу және банктік сектордың технологияларын дамытуға қатысу бойынша көшбасшы мәртебесін кезекті рет растады. Банк «Бизнестің жол картасы 2020» Бизнсеті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы аясында берілген «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорының субсидиялау және кепілдіктер көлемі бойынша ЕДБ арасында көшбасшы болып табылады.

«Жинақ банкі» АҚ ЕБ «Стратегиялық қаржы серіктесі» беделді марапатының номинанты атанды. ERG Supplier Award сыйлығының бастамашысы Eurasian Resources Group халықаралық өнеркәсіптік тобының коммерциялық орталығы болып табылады.

“Жинақ банкі” АҚ ЕБ, «Baiterek Venture Fund» АҚ және «Казына Капитал Менеджмент» АҚ өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Меморандумға қол қою - экономиканың басым секторлары аясында шағын және орта бизнес сегменті, болашағы бар өнеркәсіптік кәсіпорындарды кредиттеуде, ақпараттық технологияларды және инновациялық инфрақұрылымды дамытуда инвестициялық жобаларды бірлесіп іске асырудағы маңызды қадам.

«Жинақ банкі» АҚ ЕБ БҰҰ Даму бағдарламасының халықаралық экологиялық жобасын 3 жылға қаржыландырған алғашқы банкке айналды. БҰҰДБ/ЖЭҚ «Төмен көміртекті даму үшін тұрақты қалалар» бағдарламасы аясындағы келесі кезең «Даму» Қорымен бірлескен экологиялық жоба болды, ол парник газдарының бөлінуін айтарлықтай төмендету мақсатында Қызылорда қаласының инфрақұрылымында төмен көміртекті бағдарламаларды жасап шығаруға және іске асыруға бағытталған.

# ФИЛИАЛДЫҚ ЖЕЛІ

01.01.2020 ж. жағдай бойынша Банктің филиалдық желісі 101 бөлімшеден, оның ішінде 17 филиалдан және 1 спутник-кеңседен тұрады.

## Филиалдық желіні дамыту

Филиалдық желіні дамыту жоспарын іске асыру шеңберінде 2019 жылы 9 жаңа бөлімше және 1 спутник-кеңсе ашылды, 4 бөлімше ауыстырылды.

Бөлімшелердің жаңа үлгілік форматтарын енгізу жалғасуда, енгізілген форматтар сатылым жүйесі мен клиенттерге мамандандырылған қызмет көрсету алаңдарын жасау арқылы қызмет ұсынуды және түрлі сегменттегі клиенттерге қызмет көрсету процедураларын қозғайды. Банк бөлімшелері банктік қызмет көрсетудің соңғы заманауи стандарттарына жауап береді. Су жаңа банктік технологиялар келіп түскен өтініштерді ең қысқа мерзімде өңдеуге, сараптауға және орындауға мүмкіндік береді, операциялық залдардың функционалды инфрақұрылымы клиенттерге қызмет көрсету үшін барынша қолайлы жағдайлар ұсынады.

## Банктің филиалдық желісін дамыту бойынша міндеттер:

- Филиалдық желіні қарқынды дамыту, облыс орталықтары мен өңірлердің өнеркәсіп орталықтарында Банктің қатысуын кеңейту;
- Филиал бөлімшелерінің табысты әрі тиімді жұмысын қамтамасыз ету, ашылған бөлімшелердің орны етелуіне қолжеткізу.

2020 жылға арналған Филиалдық желіні дамыту жоспары Сбербанктің қызмет ету географиясын кеңейтуге бағытталған. Осылайша, 10 жаңа бөлім, оның ішінде Сбербанк бұған дейін болмаған қалаларда ашу жоспарланып отыр. Банктің 10 жаңа бөлімшесінің 5 бөлімшесі 2020 жылдың 1 тоқсанында ашылған, қалған 5 бөлімшесі ағымдағы жылдың 3 тоқсанында ашылмақ.



# АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

## 2019 жылдың маңызды оқиғалары:

- Сервистердің қол жетімсіздігіне және жүйелердің жұмысындағы бұзушылықтарға әкелетін факторларды, АТ - сервистердің қол жетімсіздігінің себептерін және оларды жою бойынша уақтылы ден қою үшін АТ-сервистерінің онлайн мониторингі құралын іске асыру.
- Негізгі маңызды жүйелердің жұмыс қабілеттілігін 99,7% - дан 99,9% - ға дейін арттыру.
- IBM FileNet енгізу, бұл барлық сканерленген құжаттарды оптикалық тануды пайдалануға, сондай-ақ Бірыңғай электрондық мұрағатты құруға мүмкіндік береді
- Клиринг бойынша процесс толығымен автоматтандырылған, бұл толық циклді 6 сағаттан 2 сағатқа дейін қысқартуға мүмкіндік берді

## 2020 жылға келесі негізгі жобалардың орындалуы жоспарланған:

- Жүйелердің қолжетімділігін арттыру, ДӨӨ инфрақұрылымын жаңғырту, апатқа төзімді АТ - инфрақұрылымын құру
- DevOps құралдарын дамыту: БҚ құрастыру және жеткізу конвейерлері және анонимді деректер
- «Сбербанк» ЖАҚ «Бірыңғай Фронталды жүйе» платформасын қайта пайдалану

# МАРКЕТИНГТІК САЯСАТ

2019 жылы Банк келесі көрсеткіштерді арттыруға бағытталған бірқатар жобалар мен науқандар жүргізді: белсенді клиенттік база, клиенттердің кетуін азайту, top of Mind, спонтанды және жалпы танымалдылық, ұсынылатын сервис сапасы және Банктің оң имиджін қолдау. Барлық маркетингтік белсенділік клиентке Сбербанк тобының үздік шешімдері негізінде өз клиенттерінің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін барынша күш жұмсайтын сенімді және инновациялық қазақстандық банк екенімізді көрсетуге бағытталған

## Бөлшек бизнес үшін келесі жарнамалық кампаниялар сәтті іске асырылды:

- «Қарастыру үшін 0%» Сенімді кредит акциясы
- «Кепілсіз кредит» имидждік кампаниясы
- Депозит 13,5%
- «Urban» әділ бөліп төлеу картасын іске қосу
- 5% Cashback Газөнеркәсіпмұнай акциясы
- «Сыйлыққа пәтер!» акциясы
- «Lamoda» акциясы
- «Apple Pay» акциясы

## Корпоративтік бизнестің фокус өнімдерін ілгерілету үшін жарнамалық кампаниялар іске қосылды:

- Тендерлік кепілдіктер
- Жеңіл старт
- Шектеулерді жоямыз

# ҚАТЕР-МЕНЕДЖМЕНТІ

Банк экономикалық өсудің бәсеңдеуі жағдайында Банк қызметіне тән қатерлерді басқаруға маңызды мән береді.

Қатерлердерді басқарудың негізгі міндеттері: Банк қатерлерін анықтау, топтастыру, бағалау мен қатерлерді басқарудың тиімді құралдарын анықтау және қолдану, қатерлердің рұқсат етілген деңгейіне лимиттер белгілеу, Банк жүргізетін операцияларға байланысты қатерлерді төмендету және бақылауға мониторинг жүргізу және шара қабылдау.

Банкте Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарының талаптарына, банктік қадағалау жөніндегі Базель комитеті мен аудиторлық компаниялардың ұсыныстарына негізделген қатерлерді бақылау, оларға мониторинг жүргізу және басқару жүйесі қолданылады.

Қазіргі таңда «Жинақ банкі» АҚ ЕБ қатерлерді бақылау аясында Сбербанк тобының біріктіру үдерістеріне қатысуда, қатер-менеджменті саласындағы жобалар белсенді түрде енгізілуде.

Банк өзіне қатерлердің төмендегі түрлерін маңызды деп анықтады: кредиттік, нарықтық, операциялық қатер және өтімділік қатерлері.



# КРЕДИТТІК ҚАТЕР

Кредиттік қатерді басқару уәкілетті органдардың талаптарымен, Банктің қатерлерді басқару саясатымен, сонымен қатар, кредиттік қатерді реттеуші ішкі нормативтік құжаттармен анықталады.

Банктің Директорлар кеңесі-Банктің кредиттік тәуекелді басқару саласындағы саясатын, Банктің тәуекел дәрежесін айқындайды және бекітеді және олардың орындалуын бақылауды қамтамасыз етеді, банк қызметінің басым бағыттарын айқындайды;

Банктің Директорлар кеңесі жанындағы Комитеттер – Банктің кредит қоржынының сапасын бақылауды жүзеге асырады, Комитеттің мақсаттарына, Банктің Директорлар кеңесінің тапсырмаларына және/немесе Банктің ІНҚ ережелеріне сәйкес өз құзыреті шегінде өзге мәселелер бойынша Банктің Директорлар кеңесіне ұсынымдар береді;

Банк Басқармасы-Банк саясатын тиімді іске асыру үшін жағдайларды қамтамасыз етеді, Банктегі кредиттік тәуекелдерді басқару процесін ұйымдастырады, кредиттік тәуекелдерді басқаруға жауапты бөлімшелерді айқындайды, Банк басқармасының жанынан комитеттер құрады, банк операцияларын және басқа да мәмілелерді жүргізу ережелерін, рәсімдерін, тәртібін, банктің құрылымдық бөлімшелерінің, оның филиалдарының өзара іс-қимыл тәртібін айқындайды;

Банк Басқармасының жанындағы Комитеттер-мәмілелердің талаптарына өзгерістер жасауға/енгізуге және/немесе белгіленген өкілеттіктер шеңберінде тәуекел лимиттерін белгілеуге/жабуға өтінімдер бойынша шешімдер қабылдайды, мәмілелер жасаудың үлгілік жалпы схемалары мен шарттарын бекітеді;

Тәуекелдер департаменті-жалпы Банктің кредиттік Тәуекелдерін басқару жүйесін әзірлейді, енгізеді, сүйемелдейді және жетілдіреді, қарыз алушылар, экономика салалары, елдер/өңірлер бөлінісінде Банктің кредиттік тәуекелдерін шоғырландыруды талдау мақсатында қарыз операцияларына мониторинг жүргізеді, кредиттік тәуекелдерді сәйкестендіру және талдау процестерін, кредиттік тәуекел деңгейін сипаттайтын көрсеткіштерді, өнім сапасын өлшеу параметрлерін, банктің кредиттік тәуекелдерін бағалау рейтингтерін, модельдері мен рәсімдерін сипаттайтын ІНҚ әзірлейді, Банктің кредиттік Тәуекелдерін басқару процесі мен құралдарын (өкілеттіктерді бөлу жүйесі, лимиттер жүйесі, контрагенттер тәуекелінің профилі және т. б.) әзірлейді;

Ішкі аудит басқармасы-кредиттік тәуекелдерді басқару процестерінің белгіленген стандарттарға сәйкестігін тәуелсіз бағалауды, кредиттік тәуекелдерді қабылдау бойынша шешімдерді бағалауды жүргізеді.

Банк жүргізетін заемдық операцияларға байланысты кредиттік қатерлерді бағалауға және талдауға тәуелсіз тәсіл қолдану қатерлерді басқару негізіне алынған. Кредиттік қатерлерді төмендету мақсатында, Банк өз қызметінде төмендегі негізгі әдістер мен әдістемелерді қолданады:

- Заемшыларды қаржыландыру талаптарын белгілеу/өзгерту кезіндегі орталықтандырылған, автоматтандырылған, алқалы шешімдерді қабылдау;
- Лимиттерді белгілеу жолымен, оның ішінде автоматтандырылған есеп айырысуларды пайдалана отырып, кредиттік тәуекелді шектеу;
- Контрагенттердің сенімділігіне автоматтандырылған тексерулер арқылы кредиттік тәуекелді шектеу;
- Контрагенттердің кредиттік тарихының сапасы бойынша автоматтандырылған тексерулер жолымен кредиттік тәуекелді шектеу
- Шешім қабылдау процедураларындағы скорингтік үлгілерді қолдану;
- Байқылаушы қатер-метрикаларын бекіту және мониторинг;
- Кредиттік портфель қарқыны мен сапасын талдау, кредиттік портфель қатерлерін төмендету үшін іс-шаралар әзірлеу;
- Пруденциалды нормативтер мен бастапқы мәннің сақталуына мониторинг;
- Заемшының, кепіл мүлкінің қаржылық жағдайына тұрақты негізде мониторинг жүргізу.


# ЭКОНОМИКА САЛАЛАРЫ БОЙЫНША КРЕДИТТІК ПОРТФЕЛЬ ҚҰРЫЛЫМЫ

Валюталар тұрғысындағы кредиттік портфельдің құрылымы 2019 жылы едәуір өзгерді. Валюталар тұрғысындағы әртараптандыру деңгейі лайықты деп бағаланады, 2020 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша кредиттік портфельдегі ең жоғарғы үлес салмағы ұлттық валютада берілген заемдарға (88,6%) тиесілі. 2019 жылы АҚШ долларында берілген заемдар үлесі 26,1%-ға төмендеп, Банктің жалпы кредиттік портфелінің 9,8%-ын құрады.

Валюта атауы	2019 ж. 1 қаңтарда	портфель сомасының %	2020 ж. 1 қаңтарда	портфель сомасының %	Бір жыл ішіндегі өсім
Теңге	1 057 552,77	83,8%	1 276 564,80	88,6 %	17,2 %
АҚШ доллары	178 204,06	14,1%	141 354,62	9,8 %	- 26,1 %
Еуро	25 042,35	2,0%	21 385,72	1,5 %	- 17,1 %
Ресей рублі	1 053,16	0,1%	776,74	0,1 %	- 35,6 %
<b>БАРЛЫҒЫ кредиттер</b>	<b>1 261 852,34</b>		<b>1 440 081,88</b>		<b>12,4 %</b>

Бүгінгі күні Банкте экономика салалары тұрғысында кредиттік портфель бойынша қатерлерді шоғырландыру үшін қолайлы деңгейді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін лимит жүйесі қолданылады. 2020 жылғы 1 қаңтарда кредиттік портфельдің ең көп үлесі: 18,5% Сауда, 10,6% Өңдеуші өнеркәсіп және 36,6% Жеке тұлғалар саласына тиесілі.

## Экономика салалары бойынша кредиттік портфель құрылымы



## Кредиттік портфель сапасы

2019 жылдың нәтижелері бойынша кредиттік қатер деңгейі айтарлықтай жақсарды.

90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар заемдар үлесінің көрсеткіші 2020 жылғы 1 қаңтарда 4,82%-ды құрады (01.01.2019 ж. – 5,6%).

Банктің кредиттік портфелі бойынша ХҚЕС қалыптастырылған провизиялары бір жыл ішінде 12,2%-дан 11,5%-ға өсті. 90+ мерзімі кешіктірілген заемдарды резервпен жабу деңгейі - 243% құрайды.

# НАРЫҚТЫҚ ҚАТЕР

Нарықтық қатер – нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің, шетел валюталары бағамдарының, қаржы құралдарының, тауарлардың нарықтық құнының жағымсыз өзгеруінен білінген нарықтық жағдайдың өзгеруіне байланысты баланстық және баланстан тыс баптар бойынша қаржылық шығындардың пайда болу мүмкіндігі.

Банкте қатерлерді басқарудың стратегиялық үдерісінің негізгі бөлігі ретінде қаржы нарығындағы операциялардың нарықтық қатерлерін басқару мақсаты – Базель келісімі мен Қазақстан Республикасының заңнамасы қағидаларына негізделген қатерлерді басқару жүйесін құру.

Нарықтық қатер аясында Банк валюталық, пайыздық және баға қатерлерін бөліп қарастырады.

Валюталық қатер – банктің қызметін атқаруы кезінде шетел валюталары бағамының жағымсыз өзгеруі нәтижесіндегі пайда болуы мүмкін қаржылық зияны. Банк шетел валюталарындағы ашық позициялардың болуына және нарықтық бағамдағы жағымсыз өзгерістерге байланысты валюталық қатерге бейім келеді. Лимиттер мен шектеулер жүйесі аясында Банк жиынтық ашық валюталық позиция лимиттерін, жеке шетел валюталарында ашық позиция лимиттерін және т.б. орнатады. Валюталық қатерді басқаруы үшін Банк қатерді сәйкестендіру, бағалау және лимиттеу үдерісін, сонымен қатар оның одан арғы мониторингі мен бақылауын жүзеге асырады. Банктің ашық валюталық позицияны басқару бойынша консервативті саясатының нәтижесінде валюталық қатер деңгейі төмен деп бағаланады.

Пайыздық қатер – активтер, пассивтер және баланстан тыс құралдар бойынша нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің жағымсыз өзгеруінен болатын қаржылық шығындардың пайда болу мүмкіндігі.

Пайыздық қатерді бағалау, өзгерту, бақылау және оған мониторинг жүргізу процедураларына келесілер жатады: пайыздық мөлшерлемелердің нарықтық конъюнктурасындағы өзгерістер динамикасын талдау және болжау, таза операциялық кіріс бойынша бақылау көрсеткіштерін белгілеу, таза пайыздық маржа мен спрэд мониторингінің жоспарлы көрсеткіштерін белгілеу, нарықтағы пайыздық мөлшерлеме деңгейінің өзгеруіне олардың сезімталдығына байланысты өтеу (қайта бағалау) көлемі мен мерзімі бойынша пайыздық активтер мен міндеттемелерді балансқа келтіру іс-шараларын жүргізу, хеджирлеу операцияларын жүргізу, пайыздық гәпке лимиттер белгілеу.

Баға қатері – қаржы құралдарының, тауарлардың нарықтық құнындағы жағымсыз өзгерістері салдарынан қаржылық шығынның пайда болу мүмкіндігі.

Сатуға жарамды бағалы қағаздар портфелі негізінен мемлекеттік бағалы қағаздардан, сондай-ақ корпоративтік бағалы қағаздардан тұрады, олар-

дың эмитентінің рейтингі «В»-ден төмен емес (Standard & Poor's және (немесе) Fitch рейтинг агенттіктерінің топтастыруы бойынша) немесе шетелдік эмитенттер үшін «B2»-ден төмен емес (Moody's Investors Service рейтинг агенттігінің топтастыруы бойынша), сонымен қатар Қазақстан Республикасы эмитенттерінің БҚ үшін «В»-ден төмен емес (Standard & Poor's және (немесе) Fitch рейтинг агенттіктерінің топтастыруы бойынша) немесе «B2»-ден төмен емес (Moody's Investors Service рейтинг агенттігінің топтастыруы бойынша).

Банктің Директорлар кеңесі-қаржы нарықтарындағы операциялардың нарықтық және кредиттік Тәуекелдерін басқару саясатын, Банктің тәуекел-дәрежесінің көрсеткіштерін бекітеді, Банк қызметінің басым бағыттарын айқындайды.

Директорлар Кеңесі жанындағы Комитеттер-Банктің тәуекел-дәрежесінің стратегиясын, банк тәуекелдерінің ағымдағы деңгейі туралы ақпарат пен есептерді, стресс-тестілеу нәтижелерін алдын ала қарайды.

Банк Басқармасы-қаржы нарықтарындағы операциялардың нарықтық және кредиттік Тәуекелдерін басқару саясатын, сондай-ақ кейіннен Банктің директорлар кеңесінің бекітуі үшін оған барлық өзгерістер мен толықтыруларды алдын ала бекітеді, Банктің тәуекел-дәрежесінің көрсеткіштерін алдын ала бекітеді.

Банк басқармасының жанындағы комитеттер - нарықтық тәуекелдің лимиттері мен шектеулерінің түрлерін, лимиттер мөлшерін бекіту жөнінде шешім қабылдайды, нарықтық тәуекелді басқару процесі бөлігінде әдістемелер мен нұсқаулықтарды бекітеді.

Тәуекелдер департаменті Банктің нарықтық тәуекелін басқару жүйесін әзірлейді, енгізеді, сүйемелдейді және жетілдіреді, позициялар мен тәуекелдерге тәуелсіз мониторинг жүргізуді және лимиттер мен шектеулердің сақталуын бақылауды қамтамасыз етеді. Тәуекелдерді төмендету құралдарына лимиттер мен шектеулерді қолдану, қаржы нарықтарындағы операциялар бойынша контрагенттің кредиттік сапасына қойылатын талаптар жатады.

Ішкі аудит басқармасы-тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін бағалауды, сондай-ақ ішкі және сыртқы талаптарға сәйкестігін тексеруді жүргізеді, анықталған кемшіліктер туралы банк басшылығына хабарлайды және тәуекелдерді басқару жүйесіндегі кемшіліктерді жоюды бақылайды.

Нарықтық қатер деңгейін бақылау мақсаттары үшін Банк VaR, DV01 сияқты қатер-метрикаларға мониторинг және бақылау жүргізеді, стресс-тестілеу өткізеді және т.б. VaR ықтималдылық деңгейі берілген белгілі бір уақыттың ішіндегі күтілетін қаржылық шығындардың максималды көлемін бағалауға мүмкіндік береді. DV01 кірістің 1 базистік пунктке өзгеруі салдарынан болатын құн өзгерісінің орташа шамасын анықтайды. Стресс-тестілеуге ерекше, бірақ банктің қаржылық жағдайына мүмкін болатын оқиғаларға әлеуетті ықпал етудің бағалауы ретінде анықтама беруге болады.

Нарықтық қатерді басқарудың қолда бар құралдары Банкке тәуекел деңгейін оңтайлы төмен деңгейде ұстап тұруға мүмкіндік береді.

# ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚАТЕР

Операциялық қатерді басқару Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің талаптарына, банктік бақылау жөніндегі Базель комитетінің ұсыныстарына сәйкес жүзеге асырылады және операциялық қатерлерді басқару жөніндегі Банктің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес анықталады.

Операциялық қатерлерді басқару қолданылатын технологиялардағы қызметті ұйымдастырудағы, ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуіндегі, қызметкерлердің дұрыс әрекет етпеулері және қателіктері, бизнес-үдерістерді дұрыс құрмауындағы кемшіліктердің нәтижесінде, сондай-ақ сыртқы оқиғалардың әсері нәтижесінде туындауы мүмкін шығындарға байланысты қатерлердің алдын алуға және/немесе төмендетуге бағытталған.

Банкте қызметтің кез келген бағытының операциялық қатерге ұшырау мүмкіндігіне байланысты операциялық қатерді басқару жүйесіне Банктің барлық құрылымдық бөлімшелері, филиалдары мен қызметкерлері тартылған. Операциялық қатерді басқаруды олар өздерінің негізгі функцияларын орындаумен қатар жүзеге асырады.

Операциялық қатерді тиімді басқару және операциялық қатер шамасын есептеу мақсатында Банк операциялық қатерді басқарудың келесі элементтерін пайдаланады: операциялық қатер инциденттері туралы ішкі мәліметтерді жинау, операциялық қатер инциденттері туралы сыртқы мәліметтерді жинау, операциялық қатерлер бойынша өзін-өзі бағалау, негізгі қатер индикаторлары мен бақылау индикаторларына мониторинг жүргізу, қатерлердің сценарийлік сараптамасы мен картаға түсіру. Операциялық қатерлерді тұтас әрі бәрін қамтитындай басқарылуын қамтамасыз ету үшін операциялық қатерлерді басқару элементтері жалпы және өзара байланыста қолданылады.

Банк операциялық қатерге үнемі мониторинг өткізу мақсатында қатерлерді басқару үдерістеріне қатысатын Банк басшылығы мен алқалы органдары үшін есеп беру жүйесін пайдаланады.

2020 жылдың 1 қаңтарында операциялық қатер деңгейі (Банктің шығындарындағы іске асырылған операциялық қатерлердің шығындарын жабуға кеткен шығындар үлесі) 0,001%-ды құрады. Осылайша, операциялық қатер деңгейі қабылданарлық деп бағаланады және Банк үшін белгіленген шегінде.

Банктің Директорлар кеңесі-операциялық тәуекелдерді басқару жөніндегі саясатты бекітеді, Банктің және оның жұмыскерлерінің операциялық тәуекелдерді басқару саясатын сақтауына мониторинг және бақылау қорытындылары бойынша есепті қарайды және бекітеді, операциялық тәуекелдерді басқару жүйесін талдау нәтижелері туралы ақпаратты қарайды.

Өкілеттігіне операциялық тәуекелдерді басқару жөніндегі мәселелерді қарау кіретін Директорлар Кеңесінің жанындағы комитеттер – операциялық тәуекелдерді басқару жөніндегі саясатты алдын ала қарайды және келіседі, операциялық тәуекелдерді басқару жүйесінің сапасы мен жұмыс істеу тиімділігін бағалау нәтижелерін алдын ала қарайды.

Ішкі аудит басқармасы-Банктегі операциялық тәуекелдерді басқару жүйесін тәуелсіз бағалауды жүзеге асырады.

Банк Басқармасы-операциялық тәуекелдерді басқару жөніндегі саясатты алдын ала қарайды, операциялық тәуекелдерді басқару жүйесін талдау нәтижелері туралы ақпаратты алдын ала қарайды.

Тәуекелдер департаменті-операциялық тәуекелдерді басқару жүйесін әзірлейді, енгізеді және үнемі дамытады, операциялық тәуекелдерді басқару және операциялық тәуекел инциденттері бойынша деректер жинау процесін ұйымдастырады және үйлестіреді.

Операциялық тәуекелді төмендету құралдарына мыналар жатады: сценарийлік талдау жүргізу, Операциялық тәуекелдер бойынша Өзін-өзі бағалау, тәуекелдің негізгі индикаторларын қолдану, операциялық тәуекел инциденттері туралы ішкі және сыртқы деректерді жинау мен мониторингілеуді жүзеге асыру, операциялық тәуекелді барынша азайту жөніндегі шараларды әзірлеу.

# ӨТІМДІЛІК ҚАТЕРІ

Банктің үздіксіз қызметі қағидасының орындалуы, яғни Банктің өз қызметін үздіксіз жүргізу және ұлғайту үшін қаражат тарту қажеттілігіне қарай қабілеттілігін қамтамасыз ету өтімділікті басқарудың негізгі міндеті болып табылады. Банктің қажетті қорды тартуы үшін қолданатын стратегиясы оның өтімділікті басқару жүйесімен тығыз байланысты, яғни аталған стратегияға тиесілі тәуекелдер өтімділікті басқаруға ықпал етеді.

Банктің Директорлар кеңесі-өтімділік тәуекелін басқару саясатын, банктің тәуекел-дәрежесінің көрсеткіштерін бекітеді, стресс-тестілеу сценарийлерін қайта қарайды, Банк қызметінің басым бағыттарын айқындайды.

Директорлар Кеңесі жанындағы комитеттер-Банктің тәуекел-дәрежесінің көрсеткіштерін, Банк тәуекелдерінің ағымдағы деңгейі туралы ақпарат пен есептерді, стресс-тестілеу нәтижелерін алдын ала бекітеді.

Банк Басқармасы-өтімділік тәуекелін басқару жөніндегі саясатты, сондай-ақ кейіннен банктің директорлар кеңесінің бекітуі үшін оған барлық өзгерістер мен толықтыруларды алдын ала бекітеді, банктің тәуекел-дәрежесінің көрсеткіштерін алдын ала бекітеді.

Банк басқармасының жанындағы комитеттер ДК одан әрі бекіту үшін тәуекелдің дәрежесіне енгізуге ұсынылған өтімділік тәуекелі бойынша лимиттердің мақсатты архитектурасын бекітеді, өтімділік тәуекелін басқару процесі бөлігінде әдістеме мен нұсқаулықтарды бекітеді.

Тәуекелдер департаменті банк Тәуекелдерін басқару жүйесін әзірлейді, енгізеді, сүйемелдейді және жетілдіреді, лимиттердің мақсатты сәулетіне сәйкес лимиттердің сақталуын бақылауды жүзеге асырады. Тәуекелдерді төмендету құралдарына лимиттер мен шектеулерді қолдану, стресс-тестілеу рәсімдерін жүргізу, пайыздық ГЭП талдауды жүзеге асыру жатады.

Ішкі аудит басқармасы-тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін бағалауды, сондай-ақ ішкі және сыртқы талаптарға сәйкестігін тексеруді жүргізеді, анықталған кемшіліктер туралы банк басшылығына хабарлайды және тәуекелдерді басқару жүйесіндегі кемшіліктерді жоюды бақылайды.

2019 жылы өтімділік нормативтері жеткілікті қормен сақталды.

Өтімділік коэф.	Стандартты	1.01.2019	1.02.2019	1.03.2019	1.04.2019	1.05.2019	1.06.2019	1.07.2019	1.08.2019	1.09.2019	1.10.2019	1.11.2019	1.12.2019	1.01.2020
к4	min 0,3	1,0	1,2	1,2	1,1	1,1	1,1	1,1	1,1	1,2	1,2	1,3	1,3	1,2
к4-1	min 1,00	8,0	8,8	10,5	11,2	16,3	11,3	10,7	13,1	7,2	6,7	8,4	6,9	8,7
к4-2	min 0,90	4,3	4,1	5,4	6,6	8,5	5,8	8,3	10,4	6,5	5,6	7,3	6,4	6,7
к4-3	min 0,80	2,1	2,5	3,1	3,2	3,7	4,0	5,2	4,6	3,7	3,9	4,1	3,7	3,5
LCR	min 0,6	x1,2	1,3	1,1	1,1	1,1	1,1	1,1	1,1	1,3	1,1	1,2	1,3	1,2
NSFR	min 1,0	1,0	1,3	1,2	1,2	1,2	1,2	1,1	1,1	1,1	1,1	1,2	1,2	1,3

# «ЖИНАҚ БАНКІ» АҚ ЕБ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

## ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ЖӘНЕ ДЕМЕУШІЛІК ҚЫЗМЕТ

Демеушілік пен қайырымдылық - Сбербанктың корпоративтік мәдениетінің ажырамас бөлігі. Қайырымдылық және демеушілік жобаларын жүзеге асыра отырып, Сбербанк өзінің құндылықтарын және ашықтық пен ынтымақтастық қағидаларын ұстанатындығын көрсетеді.

Сбербанктің әлеуметтік жауапкершілік саласы қайырымдылық көмек, сондай-ақ бизнесті жүргізудің құқықтық нормаларға сәйкестігі, іскерлік және кәсіби этиканы сақтау, қызметкерлердің, клиенттердің және серіктестердің алдындағы міндеттер, сапа менеджментінің халықаралық стандарттарына көшу мәселелерін кеңінен қамтиды.

Сбербанк балалар мекемелеріне, қоғамдық ұйымдарға қолдау көрсетуді, сондай-ақ білім, ғылым, мәдениет және өнерді демеуге тиісті көңіл бөлеуді өзінің міндеті деп біледі.

Демеушілік жобалары аясында Банк сондай-ақ аса ірі қазақстандық және халықаралық іскери шараларды өткізуге көмектеседі.

Бүгінде бүкіл республика бойынша Сбербанктің әрбір филиалының қамқорлығына балалар үйі берілген, оларға тұрақты негізде көмек көрсетіліп тұрады. Сбербанк балалар үйіне арналған қажетті заттарды сатып алады.

Банк қызметкерлері волонтерлік жобаларға белсенді түрде қатысады - олар өз күштерімен балалар үйі мен интернаттар аумағына жөндеу жүргізуге және көгалдандыруға көмектеседі. Ай сайын Банк балалар үйінің тәрбиеленушілеріне арнап тағам өнімдерін сатып алады, қажетті көмек көрсетеді, мәдени және спорттық іс-шаралар ұйымдастырады.

Бүгінгі таңда, Сбербанк бүкіл Қазақстан бойынша 50-ден астам ұйымға көмек көрсетеді. Бұл ұйымдарға балалар үйі, паналайтын жерлер, интернаттар, мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған мекемелер, кәметке томағандарды оңалту және бейімдеу орталықтары және басқа да қоғамдық ұйымдар кіреді.

2019 жылы Сбербанктің қайырымдылық жобаларына бюджеті 31 868 277 теңгені құрады.



## 2019 жылғы қайырымдылық және демеушілік іс-шаралардың көп саны арасында бірқатар маңызды жобаларды атап өтуге болады:

- 2017 жылдан бастап Сбербанк «Добровольное Общество Милосердие» ҚҚ-мен серіктестік орнатқан. Банк «Балаларға Өмір сыйла» жобасы аясында балалардың еміне қаражат бөледі.
- Сбербанк Ұлы Отан Соғысы ардагерлеріне қолдау көрсетуге тиісті көңіл аударады. Банк өз қызметін жүзеге асыратын аймақтарда жылына екі рет - 9 мамыр және Жаңа жылда атаулы материалдық көмек көрсетіп және мерекеліш іс-шаралар ұйымдастыра отырып 300-ден аса қамқорлықтағы ҰОС және еңбек майданы ардагерлерін құттықтайды.
- Сбербанк мәдениет және өнерді дамытуға белсене қатысады. 2016 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін Сбербанк Лермантов атындағы театрдың басты серіктесі болып келеді.
- Сбербанк Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрлігінің «Мектепке барар жол» республикалық қайырымдылық акциясы аясында тұрмысы төмен, көп балалы отбасыларынан шыққан, жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған және ерекше қажеттіліктері бар бастауыш сынып оқушыларына қолдау көрсетеді. бүкіл Қазақстан бойынша 250 бастауыш сынып оқушылары оқуға арналған барлық қажетті заттары бар мектепке арналған арқадорба алды.
- 2014 жылдан бастап Сбербанк «Радонез» қайырымдылық корпоративтік қорымен құрылған «Солнышко» балалар үйіне материалдық көмек көрсетеді. Балалар үйінің тәрбиеленушілері үшін ай сайынғы негізде азық – түлік сатып алу, Жаңа жылмен құттықтау, балалар үйінің аумағын жыл сайын жақсарту-жеміс ағаштары мен сәндік өсімдіктерді отырғызумен сенбіліктер өткізіледі.
- 2018 жылы Сбербанк «Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театрының премьерасы 2020 жылы сәуір айында қойылатын театралды қойылымының басты серіктесі болды.
- 2019 жылдан бастап банк Н.Сац атындағы балалар мен жасөспірімдерге арналған мемлекеттік академиялық орыс театрына қолдау көрсетеді.
- 2018 жылы Сбербанк «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасының Кітапханасы» Мемлекеттік мекемесінің Н. Назарбаевтың өмірі туралы энциклопедияның бірінші томы мен Глоссарийді басып шығаруға басты серіктес болды.
- Банк «Судьба» мүгедек балалар клубына мүмкіндігі шектеулі балалардың көлге емделу-алдын алу процедуралары үшін сапар түрінде көмек көрсетті.
- Банк өрттен кейін «Ертіс ауданының №3 Ертіс жалпы білім беру мектебі» КММ жөндеуге және қалпына келтіруге қайырымдылық көмек көрсетті.
- «Жасыл марафон» спорттық-экологиялық акциясы Сбербанк үшін ізгі дәстүрге айналды. Бұл акция Қазақстанда 2014 жылдан бастап өткізіліп келеді және халықты спортпен айналысуға, салауатты өмір салтын ұстануға, сондай-ақ экологиялық проблемаларға назар аударуға тартуға шақырады. «Жасыл марафон» бағдарламасына 4,2 шақырым символикалық қашықтыққа спорттық жүгіру кіреді, содан кейін қатысушылар экологиялық акция өткізеді. 2019 жылы марафон 8 қалада өтті, жүгіруге 4 мыңнан астам қазақстандық қатысты.
- Өткен алты жыл ішінде 750 мыңнан астам адам Сбербанк тобының Жасыл марафонына қатысты. Жоба ғаламшар экологиясын дамытуға қосқан үлесі үшін БҰҰ қоршаған орта бойынша Бағдарламасының марапатына ие болды, екі рет «Навстречу будущему» сыйлығының лауреаты атанды.

# «ЖИНАҚ БАНКІ» АҚ ЕБ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ САЯСАТЫ

«Жинақ банкі» АҚ ЕБ Директорлар кеңесі «Жинақ банкі» АҚ ЕБ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі саясатты бекітті. Банктің сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне қарсы іс-қимыл жүйесі сыбайлас жемқорлық әрекеттердің алдын алудың, оның ішінде банк қызметінің ашықтығы мен айқындылығын қамтамасыз етудің тиімді тетігін ұйымдастыру, банктің барлық жұмыскерлерінің жалпы корпоративтік қағидаттар негізінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты қалыптастыру және сыбайлас жемқорлық мінез-құлқын қабылдамау стандарттарын басшылыққа алады және ұстанады.

Банкте сыбайлас жемқорлық іс-қимыл жасау тәуекелдерін тиімді анықтау, бағалау және азайту үшін сыбайлас жемқорлық іс-қимылдарға қарсы іс-қимыл саласындағы саясаттың негізгі ережелерін білуге және түсінуге жұмыскерлерді кейіннен тестілей отырып, міндетті оқытуды жүргізу сияқты негізгі тәсілдер қолданылады.

## **Банк:**

- 1) Банктің жаңа жұмыскерлерін қабылдау кезінде ықтимал мүдделер қақтығысын ашу туралы нысанды толтыруды қамтамасыз етеді;
- 2) жұмысқа қабылдау кезінде Саясат талаптарымен танысуды жүзеге асырады
- 3) жұмыскерлерді Саясаттың негізгі талаптарына оқыту бойынша жұмыстарды ұйымдастыруды және жүргізуді жүзеге асырады.

Банк тұрақты негізде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі саясаттың ережелері мен талаптарын барлық жұмыскерлердің назарына жеткізеді. Сондай-ақ Банк банктің лауазымды тұлғаларына және басшы қызметке кандидаттарға, банк жұмыскерлері үшін банкте бір мезгілде жұмыс істей отырып, үшінші тұлғалардың жарғылық капиталдарына және/немесе басқару органдарына қатысуға заңмен белгіленген және/немесе еңбек келісімдерімен белгіленген тиісті талаптарды қояды.

## **Банк келесілерді реттеді:**

- 1) Банктің барлық жұмыскерлері сақтауға міндетті сыйлықтармен және өкілдік шығыстармен жұмыс істеу ережелері;
- 2) Банктегі мүдделер қақтығысын, оның ішінде әлеуетті шиеленісті реттеу және болдырмау мақсатында ақпаратты ашу тәртібі;
- 3) Банктің контрагенттерін бағалау, талдау және іріктеу рәсімдері, сондай-ақ олармен өзара іс-қимыл жасау ережелері белгіленген.

## **Банктің барлық қызметкерлері:**

- 1) өзінің еңбек функцияларын орындау кезінде немесе әлемнің кез келген елдерінде банк атынан өз қызметін жүзеге асыру кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұлттық заңнаманы, шет мемлекеттердің жергілікті заңнамасын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы халықаралық құқық нормаларын, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат талаптарын сақтауы тиіс;

- 2) сыбайлас жемқорлық әрекеттерге әкелуі мүмкін іс-әрекеттер жасаудан және шешімдер қабылдаудан тартынады;
- 3) өзінің күнделікті жұмысында сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылған немесе тартылуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қарым-қатынас тәуекелін азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды;
- 4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың барлық мәселелері бойынша қауіпсіздік бөлімшелерімен, заңгерлермен, комплаенс және т. б. өзара іс-қимыл жасайды;
- 5) Саясат ережелеріне қатысты іс-әрекеттерді немесе өзге де мәселелерді жүзеге асыруға рұқсат етілетініне күмән болған жағдайда, тікелей басшыға және/немесе комплаенске түсініктеме алу үшін жүгінеді.
- 6) Саясатты бұзған әрбір белгілі/әлеуетті / анықталған жағдай туралы комплаенс-бақылауды («кері байланыс желісі») хабардар етеді.

Банк сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттер фактілері немесе сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттер жасауға көндіру мақсатында жұмыскерлерге жүгінудің кез келген жағдайлары туралы келіп түскен кез келген ақпаратты бағалау және өңдеу жүргізеді.

Банкте мүдделер қақтығысы/сыбайлас жемқорлық әрекеттері туындағаны туралы хабарланған жағдайда Банк жұмыскерлерге қорғау шараларын қамтамасыз етті, Банктің бір жұмыскеріне сыбайлас жемқорлық әрекеттерге қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды әзірлеу, іске асыру және іске асыруды бақылау үшін жауапкершілікті жүктеуге жол бермеу мақсатында бақылау рәсімдері енгізілді.

## **Сондай-ақ Банк:**

- 1) Банк жасайтын барлық төлемдерді толық және дұрыс есепке алуды және құжаттауды жүргізуді жүзеге асырады;
  - 2) ішкі нормативтік және ұйымдық-өкімдік құжаттарға және банк шарттарын жасауға жоспарланған сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптамаларды жүргізеді;
  - 3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған өзге де іс-шаралар;
- Банк сыбайлас жемқорлық пен сыбайлас жемқорлық әрекеттерін қабылдамағаны туралы ашық мәлімдейді, барлық контрагенттердің, банк жұмыскерлерінің және өзге де тұлғалардың саясат қағидаттары мен талаптарын сақтауын құптайды және көтермелейді, сондай-ақ Ақпараттандыру және оқыту жолымен қоғамда және банк жұмыскерлері арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін арттыруға жәрдемдеседі.

2019 жылы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы ақпарат жоқ.

# «ЖИНАҚ БАНКІ» АҚ ЕБ-ДЕ МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫН БАСҚАРУ САЯСАТЫ

Банктің Директорлар кеңесі «Жинақ банкі» АҚ ЕБ-де мүдделер қақтығысын басқару жөніндегі саясатты бекітті.

Банктің Директорлар кеңесі, атап айтқанда, мүдделер қақтығысын басқару саласында процеске және қабылданатын шараларға жалпы бақылауды жүзеге асырады және банктегі мүдделер қақтығысының деңгейі туралы ақпаратты қарайды.

Мүдделер қақтығысының мониторингі Банктің уәкілетті органын банкте мүдделер қақтығысының болуы/болмауы, олардың саны мен түрлері, сондай-ақ мүдделер қақтығысының Банктің, оның клиенттерінің/контрагенттерінің қызметіне әсері туралы хабардар етуге бағытталған іс-шаралар кешенін қамтиды.

Мүдделер қақтығысын реттеу мүдделер қақтығысын ашуға және шешуге бағытталған іс-шаралар кешенін қамтиды.

Әр түрлі клиенттер үшін мәмілелерді бір мезгілде орындауға байланысты мүдделер қақтығысын реттеу кезінде Банк ішкі бөлімшелердің жұмысындағы қажетті ақылға қонымды Тәуелсіздік дәрежесін қамтамасыз етеді.

Банктің жұмыскерлері / лауазымды тұлғалары атқаратын лауазымына қарамастан, саясаттың қағидаттары мен талаптарын сақтау үшін, сондай-ақ оларға бағынысты тұлғалардың келтірілген қағидаттар мен талаптарды бұзатын іс-әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін дербес жауапты болады.

Банк өз жұмыскерлерінің, сондай-ақ контрагенттердің, үлестес тұлғалардың инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдалану және нарықпен айла-шарғы жасау жөніндегі қызметке қатысқаны үшін санкцияларға ұшырауы мүмкін болғандықтан, онда әрбір ақылға қонымды негізделген күдік немесе белгіленген факті бойынша ҚР заңнамасымен рұқсат етілген шекте қызметтік тексеру жүргізіледі.

Қызметтік тергеу нәтижесінде немесе сот шешімі бойынша мүдделер қақтығысын басқару саласындағы саясат пен ІНҚ талаптарын бұзуға кінәлі деп танылған тұлғалар ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

**Мән-жайлар, елеулі айыппұлдардың жалпы мөлшері және қаржылық емес санкциялардың, оның ішінде заңнама талаптарын бұзғаны үшін «Жинақ банкі» АҚ ЕБ-ге қатысты қолданылған шектеулі ықпал ету шараларының саны туралы деректер.**

Есепті кезеңде елеулі айыппұлдар болған жоқ.

Монополияға қарсы заңнаманың бұзылуына және бәсекелестікке кедергі келтірумен байланысты жағдайлар есепті жыл ішінде болған жоқ.

# ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК

«Жинақ банкі» АҚ ЕБ экология мәселелеріндегі қызметі халықаралық стандарттар, қауіпсіздік және экологиялық менеджмент талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Тоқсан сайын «Атмосфера» ЖШС мамандандырылған ұйымымен жасалған шарт бойынша қоршаған ортаға шығарындылар туралы экологиялық есептер, 2 ТП ауа Жасыл экономика басқармасына және экология департаментіне тапсырылады. Банк қолданатын Дизель-генераторлық қондырғылар Шу мен зиянды шығарындылардың төмен деңгейімен сипатталады (ЕРА Tier 2 стандартының қатаң талаптарына жауап береді). Дизель отынын сақтау үшін, ДГУ үшін кірістірілген (зауыттық) металл ыдыстар пайдаланылады.

Барлық меншікті ғимараттар бойынша шекті рұқсат етілген шығарындылар нормативтерінің жобалары әзірленді, мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысы алынды, белгіленген көлемдермен эмиссияларға рұқсаттар келісілді және алынды. Банктің офистік ғимараттары қалалық шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау су құбырын пайдаланады, 2019 жылы оны тұтыну – 28 739,72 м<sup>3</sup> құрады, олар қайта пайдаланылмайды. Нөсер, еріген суларды есептеу, сақтау және пайдалану айналмалы сумен жабдықтау жүйелері бар өндірістік жабдықтың жоқтығына байланысты жүргізілмейді.

«Жинақ банкі» АҚ ЕБ мамандандырылған ұйымдармен жасалған шарттар бойынша жинақталған жабдықтарды, жиһаздарды, тұрмыстық қоқыстарды кәдеге жаратады. Банк қоршаған ортаға елеулі іс жүзіндегі және әлеуетті теріс әсер ететін өнім берушілермен жұмыстарды жүзеге асырмайды.

«Жинақ банкі» АҚ ЕБ ғимараттары әкімшілік ғимараттарға жатады және қаптауға жататын өнімді өндірмейді. Өз қызметінде қағаз қолданылады, 2019 жылы 1100 кг көлемінде макулатура тапсырылды.

2019 жылы банк жаңартылмайтын қала көздерінен 9 137 069 кВт\*сағ электр энергиясын пайдаланды. Банктің жарық диодты жарықтандыруды пайдалануға жоспарлы көшуі, кешкі және түнгі уақытта энергияны ажыратудың Автоматты датчиктерін пайдалану, Электр күштік жабдықтарды жаңғырту есебінен 2018 жылмен салыстырғанда (11 855 900 кВт\*сағ) үнемдеу 2 718 831 кВт\*сағ құрады. Банк ғимараттары сарқынды суларды тазалаудың стандартты жүйелері бар қалалық кәріз жүйелеріне қосылған. 2019 жылы суық, химиялық тазартылған (ыстық) су (тек ірі қалаларда) көлемінің сомасынан тұратын ағынды су көлемі су бұру ағынының көлемі: 37 936,43 м<sup>3</sup> құрады, ірі ғимараттарда дайын өнімді сатуға арналған буфеттері бар стандартты майлы аулағыштар орнатылған, оларды тазартуды мамандандырылған компаниялар жүргізеді.

«Жинақ банкі» АҚ ЕБ экологиялық заңнаманы бұзбаған және салынған айыппұл санкциялары жоқ. Апатты шығарындылар немесе төгінділер фактілері жоқ.

# ДЕНСАУЛЫҚ ЖӘНЕ ЖҰМЫС ОРНЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК

Қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі Банк үшін сөзсіз басымдық болып табылады. Банктің мақсаты-қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігін басқару жүйесін тұрақты жетілдіру арқылы ұйымның барлық объектілерінде жарақаттанудың нөлдік көрсеткішіне қол жеткізу. Банктің қауіпсіздікке деген көзқарасының негізінде қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі саласындағы қазақстандық және халықаралық талаптарды бұлжытпай сақтау, қауіп-қатердің негізгі факторларын бақылау, сондай-ақ қызметкерлер мен мердігерлер арасында қауіпсіздік мәдениетін қолдау және дамыту жатыр.

## «Жинақ банкі» АҚ ЕБ-де (бұдан әрі-Банк) жарақаттану бойынша есептік 2019 жылғы статистика:

1. Еңбек ету қабілетінен уақытша айырылған жарақаттар жиілігінің коэффициенті (LTIFR) = 0 (оның ішінде филиалдар бойынша);
2. Жазатайым оқиғалар жиілігінің коэффициенті (LTAFR) = 0 (оның ішінде филиалдар бойынша);
3. Банкте, оның ішінде тәуелсіз мердігерлерде болған өлім-жітіммен аяқталған жазатайым оқиғалардың саны = 0 (оның ішінде филиалдар бойынша).

## Жазатайым оқиғаларды тіркеу кезіндегі әрекет ету ережелерінің жүйесі:

1. Зардап шегушіге алғашқы медициналық көмек көрсетуді және қажет болған жағдайда оны денсаулық сақтау ұйымына жеткізуді ұйымдастыру;
2. Жазатайым оқиға туралы зардап шеккен адамның жақын туыстарын дереу хабардар ету және ҚР Еңбек кодексінде, өзге де нормативтік құқықтық актілерде белгіленген мемлекеттік органдар мен ұйымдарға хабарлама жіберу;
3. Жұмыс беруші ҚР еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген нысан бойынша еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиға туралы дереу хабарлайды;
4. Жұмыс беруші дереу, бірақ оған жазатайым оқиғаның басталғаны туралы белгілі болған үш жұмыс күнінен кешіктірмей жұмыскер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан сақтандыру шарты жасалған сақтандыру ұйымын хабардар етеді;
5. Жұмыс беруші жазатайым оқиғаны тергеу бойынша комиссияны құрады.
6. Еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаны тергеп-тексеру мерзімі комиссия құрылған күннен бастап он жұмыс күнінен аспауға тиіс.
7. Тексеру, арнайы тексеру актілері арнайы белгіленген нысан бойынша ресімделеді;
8. Еңбек қызметіне байланысты әрбір жазатайым оқиғаны тергеп-тексеру аяқталғаннан кейін тергеп-тексеру материалдарына сәйкес жұмыс беруші үш жұмыс күнінен кешіктірмей жазатайым оқиға туралы актіні ресімдеуге тиіс;
9. Еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаны арнайы тергеп-тексеру материалдарының көшірмелерін жұмыс беруші еңбек инспекциясы жөніндегі жергілікті органға береді. Еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаны тергеп-тексеру аяқталғаннан кейін мемлекеттік еңбек инспекторы арнайы тергеп-тексеру материалдарының көшірмелерін жеті жұмыс күні ішінде аумақтық полиция органына жібереді, ол Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті шешім қабылдайды және қабылданған шешім туралы жиырма жұмыс күнінен кешіктірмей хабарлайды.
10. Актімен ресімделген әрбір жазатайым оқиғаны жұмыс беруші еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаларды және өндірістегі денсаулығының өзге де зақымдануларын тіркеу журналына енгізеді;
11. Еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаны тергеп-тексеру материалдары ұйымда (жұмыс беруші) қырық бес жыл бойы сақталуға тиіс, ол таратылған жағдайда жазатайым оқиғаны тергеп-тексеру материалдары міндетті түрде оның қызмет орны бойынша мемлекеттік мұрағатқа берілуге тиіс.

## Жоғары жарақаттанумен немесе банктегі белгілі бір аурулармен сырқаттанушылықтың жоғары тәуекелімен ұштасқан еңбек қызметі процесінде тәуекел факторларын талдау:

1. Адами факторы (денсаулық жағдайы, тәртіптілік, тәртіпсіздік, технологиялық процессті бұзу, зейінділік, алкогольдік мас болу, есірткіні пайдалану, жұмыскердің жасы, психиканың ерекшеліктері және т. б.);
2. Жұмыскердің жұмыс орнында қорғалуы (қажетті қорғаныс қасиеттері бар сертификатталған ЖҚҚ, қоршау қаптамалары, автоматты ажыратқыштар және т. б.);
3. Жұмыскердің білімі (арнайы білім, уақтылы нұсқаулықтар, қайта оқыту және т. б.);
4. Жабдықтың техникалық жай-күйі (тозу, ақаулық, техникаға қызмет көрсету технологиялық процестің жетілмегендігі және т. б.);
5. Жарақат алу, аурушандық тәуекелінің әртүрлі дәрежесімен байланысты кәсіби қызмет түрі.
6. Басшылық тарапынан жұмыс орнында еңбекті қорғау талаптарының орындалуын бақылауды ұйымдастыру.

**Қорытынды:** Банктегі жұмыскерлердің еңбек қызметі процесінде қауіптілік, тәуекел дәрежесін азайту бойынша іс-шаралар әзірленеді және іске асырылады.

Банк Жұмыскерлерді еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытуды, нұсқама беруді, білімін тексеруді жүргізеді, сондай-ақ өз қаражаты есебінен өндірістік процесті және жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жөніндегі құжаттармен қамтамасыз етеді.

## Банкте өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша келесі іс-шаралар жүргізілуде:

1. 2019 жылға арналған өрт қауіпсіздігі бойынша күнтізбелік іс-шаралар жоспары әзірленді.
2. Бөлімше басшылары мен ӨТМ (өрт-техникалық минимум) бойынша жауапты жұмыскерлерді оқу орталықтарында (үш жылда бір рет) мамандандырылған ұйым оқытады.
3. Банк жұмыскерлерін өртке қарсы нұсқаулық (кіріспе, алғашқы, қайталама, жоспардан тыс, мақсатты) және өрт-техникалық минимум (әрбір 6 ай сайын) түрінде оқыту жүргізеді.
4. Банкте жұмыс жүргізу кезінде өрт қауіпсіздігі шаралары туралы нұсқаулықтар мен өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтау бойынша нұсқаулықтар әзірленді;
5. Банк объектілерінде өртке қарсы жаттығулар жүргізілуде.
6. Банк объектілерінің барлық ғимараттары бойынша ТЖ кезінде эвакуациялау жоспарлары әзірленді.
7. Банк ғимаратының шатыры қоршаулары мен өрт сатыларына сынақ жүргізеді.
8. Банк ғимаратының шатырының ағаш құрылымдарын оттан қорғау өңдеуін жүргізеді.
9. Банк ғимараттарында сымдарды оқшаулау кедергісін өлшеу сынақтары жүргізілді.
10. Банк ғимараттарының өртке қарсы жағдайына тексеру жүргізіледі.


Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін банк объектілері келесі өртке қарсы қорғау жүйелерімен жабдықталған:

- автоматты өрт сигнализациясы жүйесімен және өрт туралы хабарлау жүйесімен;
- автоматты өрт сөндіру жүйесімен;
- автоматты түтін шығару жүйесімен;
- алғашқы өрт сөндіру құралдарымен;
- өрт су құбыры жүйесімен, өрт шкафтарымен (өрт крандарының жинақтамасы, өрт оқпаны, өрт түтігі);
- өрт сөндіргіштермен (ОП-5, ОУ-5, ОУ-8).

# ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР

Банктің біліктілігі жоғары қызметкерлері оның негізгі ресурстарының және бәсекеге қабілетті басымдылықтарының бірі, ал кадрлық саясаты – стратегиялық жоспарларының басты элементі болып табылады.

31.12.2019 ж. жағдай бойынша Банк қызметкерлерінің іс-жүзіндегі саны 3992 қызметкерді құрады, олардың 43%-ы 30 жасқа дейінгілер. Банкте жұмыс істейтін қызметкерлердің орташа жасы – 32 жас.



Қызметкерлердің 69 %-дан астамы Банкте 5 жылға дейін, 30 %-ы 5 жылдан 15 жылға дейін жұмыс жасайды. Оның ішінде қызметкерлердің 30 %-нан астамы – 1 жылдан аз, 18 %-нан астамы – 1 жылдан 2 жылға дейін, 10 %-ы – 2 жылдан 3 жылға дейін, 10 %-дан астамы – 3 жылдан 4 жылға дейін, 23 %-дан астамы – 5 жылдан 9 жылға дейін, 6% – 10 жылдан 14 жылға дейін, 1% – 15 және одан көп жыл жұмыс істегендер.



Банк қызметкерлерінің басым бөлігі, яғни 40,6 %-ы Бөлшек блокта жұмыс істесе, 19,8 %-ы – корпоративтік клиенттермен жұмыс істейді (с.і. Қазынашылық). Техникалық, операциялық және әкімшілік-шаруашылық қолдау саласында жұмыс істейтін қызметкерлердің үлесі – 20,2%, Тәуекелдер блогы, проблемалық активтер және құқықтық мәселелер, қаржы - 11,9%, Әкімшілік қолдау блогы – 7,4% құрайды.



## 2019 жылғы оқыту бойынша деректер

Оқытудан өтті: 2572 адам  
 2216 адам - ОО күшімен ішкі оқыту  
 58 адам - on-line оқыту (вебинар)  
 42 адам жетекшілерге арналған модульдік бағдарламалар (Сбер2020, Көшбасшылар мектебі 4.0)  
 256 адам - сыртқы кәсіби оқыту

## Географиялық аймақ бойынша нақты жұмыс істейтін қызметкерлердің саны

Бөлімше	Шт. жұмыс кестесі бойынша жұмыс істейтін (іс жүзінде жұмыс істейтін)	Бөлімше	Тізімдегі саны	Штаттық саны
ОК	1779	ОК	1945	1815
Алматы қ.	455	Алматы қ.	524	455
Алматы облысы бойынша	63	Алматы облысы бойынша	79	66
Астана	261	Астана	310	264
Ақтөбе	130	Ақтөбе	161	134
Атырау	129	Атырау	158	131
Ақтау	123	Ақтау	159	124
Қарағанды	160	Қарағанды	195	161
Павлодар	120	Павлодар	136	120
Орал	117	Орал	134	117
Өскемен	133	Өскемен	159	135
Қостанай	119	Қостанай	133	120
Петропавл	81	Петропавл	90	82
Шымкент	137	Шымкент	151	140
Көкшетау	53	Көкшетау	64	53
Тараз	59	Тараз	65	59
Қызылорда	52	Қызылорда	56	52
Түркістан	21	Түркістан	22	21
<b>Банк бойынша БАРЛЫҒЫ</b>	<b>3992</b>	<b>Банк бойынша БАРЛЫҒЫ</b>	<b>4541</b>	<b>4049</b>

### Жынысы бойынша бөлінген қызметкерлердің штат саны

Жағдай бойынша:	
31 желтоқсан 2019	
Ер адамдар	1465
Әйел адамдар	2527
<b>Барлығы</b>	<b>3992</b>

### Жас тобы бойынша бөлінген қызметкерлердің штат саны

Жағдай бойынша:	
31 желтоқсан 2019	
30 жасқа дейін	1715
30 – 50 жас	2132
50 жастан асқан	145
<b>Барлығы</b>	<b>3992</b>

### Санаттары бойынша бөлінген қызметкерлердің штат саны

Жағдай бойынша:	
31 желтоқсан 2019	
Басшылар	615
Қызметкерлер	3377
<b>Барлығы</b>	<b>3992</b>

## 2019 жылы жұмысқа қабылданған жұмыскерлердің пайызы

2019 жылы жұмысқа қабылданғандар саны		Жұмысқа қабылданғандардың жалпы санынан жұмысқа қабылданған санат өкілдерінің үлесі, %	
Жас тобы бойынша	30 жасқа дейін	932	64%
	30 – 50 жас	507	35%
	50 жастан асқан	11	1%
	<b>Барлығы</b>	<b>1450</b>	<b>100%</b>
Жынысы бойынша	Ер адамдар	539	37%
	Әйел адамдар	911	63%
	<b>Барлығы</b>	<b>1450</b>	<b>100%</b>

2019 жылы жүктілік және босану бойынша демалыс ресімдеген жұмыскерлердің саны – 214 (әйел адамдар)

2019 жылы бала күтіміне байланысты демалыстан оралған жұмыскерлердің саны – 167, оның ішінде 166 – әйел және 1 - ер адам.

## 2019 ж. шағымдардың жалпы саны – 7

Оның ішінде Келісу комиссиясына 1 өтініш, Басқарма Төрағасының атына 6 өтініш келіп түсті.

Барлық шағымдар реттелді.

### Шағым беру жүйесінің қысқаша сипаттамасы:

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес:

1. Жеке еңбек дауларын келісу комиссиялары қарайды, ал шағын кәсіпкерлік субъектілері мен заңды тұлғаның атқарушы органының басшыларын қоспағанда реттелмеген мәселелер немесе келісу комиссиясының шешімін орындамау бойынша дауларды соттар қарайды.
2. Келісім комиссиясы ұйымда, оның филиалдары мен өкілдіктерінде тепе-теңдік негізде жұмыс беруші мен жұмыскерлерден тең өкілдер қатарынан құрылатын тұрақты жұмыс істейтін орган болып табылады.
3. Келісім комиссиясы мүшелерінің сандық құрамы, оның жұмыс тәртібі, келісім комиссиясының шешімінің мазмұны мен қабылдау тәртібі, келісім комиссиясының өкілеттік мерзімі, делдалды тарту туралы мәселе жұмыс беруші мен жұмыскерлер өкілдері арасындағы жазбаша келісімде немесе ұжымдық шартта белгіленеді.
4. Келісім комиссиясына келіп түскен өтініш берілген күні аталған комиссиямен міндетті түрде тіркелуге тиіс. Дау Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес өзіне берілген өкілеттіктер шегінде өтініш берушінің және (немесе) ол уәкілеттік берген өкілдің қатысуымен қаралады.
5. Келісу комиссиясы дауды өтініш тіркелген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қарауға және дау тараптарына шешімнің көшірмесін ол қабылданған күннен бастап үш күн мерзімде беруге міндетті.
6. Келісу комиссиясының шешімі жұмысқа қайта алу туралы дауды қоспағанда, ол белгілеген мерзімде орындалуға тиіс.
7. Келісім комиссиясының шешімдері белгіленген мерзімде орындалмаған жағдайда жұмыскер немесе жұмыс беруші сотқа жүгінуге құқылы.
8. Келісім комиссиясының тараптары келісім комиссиясының мүшелеріне Қазақстан Республикасы Еңбек заңнамасының негіздеріне, келіссөздер жүргізу білігін дамытуға және еңбек даулары бойынша консенсусқа қол жеткізуге жыл сайын оқыту жүргізуге міндетті.
9. Өтініш беру үшін келісім комиссиясына немесе сотқа жеке еңбек дауларын қарау жөніндегі мынадай мерзімдері белгіленеді:
  - 1) жұмысқа қайта алу туралы даулар бойынша - жұмыс берушінің еңбек шартын тоқтату туралы келісім комиссиясына актінің көшірмесін берген күннен бастап бір ай, ал сотқа жүгіну үшін - реттелмеген даулар бойынша жүгінген кезде не оның шешімін еңбек шартының тарапы орындамаған кезде келісім комиссиясы шешімінің көшірмесі тапсырылған күннен бастап екі ай;
  - 2) басқа еңбек даулары бойынша - жұмыскер немесе жұмыс беруші өз құқығының бұзылғаны туралы білген немесе білуге тиіс күннен бастап бір ай.

Жеке еңбек дауларын қарау жөніндегі жүгіну мерзімінің өтуі қаралып отырған еңбек дауы бойынша медиация туралы шарттың қолданылу кезеңінде, сондай-ақ келісім комиссиясы құрылғанға дейін болмаған жағдайда тоқтатыла тұрады.

«Жинақ банкі» АҚ ЕБ-де қосымша сенім желісіне немесе Басқарма Төрағасының атына өтініштер/шағымдар беру тәжірибесі бар.

## 2019 жылғы кадрлардың тұрақтамауы – 19,7%

2019 ж. бойынша қорытынды

	саны	%
Жұмыстың жоғары қарқындылығы	37	4%
Төмен жалақы	167	17%
Қолайсыз жұмыс кестесі	38	4%
Оқытудың іс-шаралары мен тестілердің үлкен көлемі	2	0%
Банк бағамына қанағаттанбаушылық	6	1%
Жұмыс перспективасының белгісіздігі	48	5%
Жұмыс орнының нашар ұйымдастырылуы	2	0%
Жұмыстың біркелкілігі мен бірқалыпты болуы	40	4%
Мансаптық өсу перспективасының болмауы	92	9%
Тікелей басшы	27	3%
Ұжымда өзара түсіністіктің болмауы	11	1%
Жеңілдіктердің жеткіліксіз көлемі	3	0%
Жеке мән-жайларының өзгеруі	396	40%
Басқа (оның ішінде тиімсіз жұмыскерлер)	131	13%

Әлеуметтік пакет Банктің барлық жұмыскерлері үшін, оның ішінде уақытша немесе толық емес жұмыспен қамту шартымен қабылданғандар үшін беріледі.

1. Біржолғы материалдық төлемдер
2. Жұмыскерлерге материалдық көмек көрсету
3. Жұмысшылардың балаларына Жаңа жылға сыйлықтар
4. Ерікті медициналық сақтандыру
5. Марапаттау саясаты
6. Бейімдеу пакеті

Еңбекақы төлеу және оның өсу қарқыны, жұмыскерлердің уәждемесі «жинақ банкі» АҚ ЕБ жұмыскерлеріне еңбекақы төлеу, еңбекті ынталандыру жүйесі және өзге де төлемдер туралы ішкі нормативтік құжаттармен, сондай-ақ банк жұмыскерлеріне сыйақы беру әдістемесімен реттеледі.

### Ішкі және сыртқы оқыту

Лауазым санаты	Е	сағат саны	ә	сағат саны	Жалпы адам саны	Жалпы сағат саны	Орташа сағат саны	Оқу бағыттарының атауы
Жоғары менеджмент	2	55	3	18	5	73	14,60	Біліктілікті арттыру аясында мына тақырыптар бойынша курстар өткізілді: Активтер мен пассивтерді басқару, DevOps конференциясы, Технологиялар мен Инновациялар
Орта менеджмент	292	2765	510	4581	802	7346	9,16	Бағдарлама бойынша басшылардың біліктілігін арттыру: «Сбербанк 2020, Көшбасшылар мектебі 4,0, «Тәлімгерлік, көшбасшылық және мақсат қою» басшы шеберханасы, Дизайн-ойлау, Эмоционалдық интеллект, Agile негіздері, «Certified Scrum Master», SCCM Troubleshooting workshop және т. б.
Мамандар	724	4113	1419	7134	2143	11247	5,25	Қызметкерлердің біліктілігін арттыру келесі тақырыптар бойынша жүргізілді: Сату мектебі: Белсенді сату, қарсылықтармен жұмыс істеу, Кросс-сату, Клиентке бағытталған сервис., клиенттер типологиясы, стресске тұрақтылық, қауіпсіздік және еңбекті қорғау, Agile негіздері және т. б.

### Қашықтықтан оқыту

Лауазым санаты	Е	сағат саны	ә	сағат саны	Жалпы адам саны	Жалпы сағат саны	Орташа сағат саны	Оқу бағыттарының атауы
Жоғары менеджмент	34	68	5	10	39	78	2,00	Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл (ОК үшін)_2019
Орта менеджмент	2044	4088	4170	8340	6214	12428	2,00	Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл (ОК үшін)_2019, Қатер менеджменті Базалық курс, Қаржылық сауаттылық, Құжаттамалық операциялар және саудалық қаржыландыру, Тиімді презентация ұстанымдары, Телефон арқылы тиімді қарым-қатынас, іскерлік хат алмасу, Персоналды ынталандыру және т. б.
Мамандар	13783	26960	29388	58776	43171	85736	1,99	Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл (ОК үшін)_2019, клиенттерге қызмет көрсету стандарттары (тамаша сервис), банк өнімдерімен жұмыс істеу бойынша курстар, күйзеліске төзімділігі, суық қоңыраулар, қарсылықтармен жұмыс істеу, заңнамалық база, сату кезеңдері және т. б.

### ҚР заңнамасына сәйкес:

- еңбек шартының талаптарын өзгерту-кемінде 5 күнтізбелік күн бұрын;
- еңбек жағдайларының өзгеруі-кемінде 15 күнтізбелік күн бұрын;
- қысқарту-жұмыскерлерді босату күніне дейін кемінде 1 ай бұрын

Жұмыскерге ҚР заңнамасына сәйкес еңбек шартында, «Жинақ банкі» АҚ ЕБ-де еңбек қатынастарын ресімдеу жөніндегі

Нұсқаулықта көзделген кепілдіктер мен өтемақы төлемдері беріледі.

# ДАМУ ЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

2020 жылы «Жинақ банкі» АҚ ЕБ қызметтегі негізгі стратегиялық басымдылықтар мен бағыттарды анықтады:

- Қызмет пен сапа
- Өнімдер мен қызметтерді цифрландыру
- Экожүйені дамыту
- Big Data негізінде ұсыныстарды дербестендіру

2020 жылы Банк клиенттік жолды талдауға, қызметтерді цифрландыруға және экожүйе өнімдерін дамытуға өзінің назарын аударады. Цифрландыру корпоративтік бизнеске де, бөлшек бизнеске де қатысты болады, онда дамудың негізгі бағыттары мыналар болып табылады: онлайн сату үлесін арттыру, онлайн кредиттеу, кредиттік процесті автоматтандыру, онлайн-жаңа өнімдерді іске қосу.

Толыққанды экожүйені құру-бұл банк үшін 2020 жылы дамудың тағы бір маңызды бағыты.

Бұл міндет тұтыну мінез-құлқын талдау әдістерін енгізу, Big Data құралдарын және жасанды интеллект технологияларын пайдалану есебінен іске асырылатын болады.

Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін негізгі міндеттер: капиталдың жоғары рентабельділігін қамтамасыз ету, активтердің сапасын жоғары деңгейде сақтау, сондай-ақ жалпы банк қызметінің тиімділігін арттыру болып қалады.



# ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК



### Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

«Ресей Жинақ банкі» Акционерлік Қоғамы Еншілес Банкі Акционерлері мен Директорлар кеңесіне

#### Пікір

Біз «Ресей Жинақ банкі» Акционерлік Қоғамы Еншілес Банкінің (әрі қарай – «Банк») қаржылай есептілігінің аудитін жүргіздік. Ол 2019 жылдың 31 желтоқсанындағы қаржы күйі туралы есептен, кірістер мен шығындар туралы есептен, жиынтық кіріс туралы есептен, меншік капиталдағы өзгертулер туралы есептен және көрсетілген күні аяқталған бір жылғы ақша қаражатының қозғалысы туралы есептен, сондай-ақ есептік саясаттың негізгі қағидаларына қысқа шолуды қоса алғандағы қаржылық есептілікке ескертпелерден тұрады.

Біздің пікірімізше, «Ресей Жинақ банкі» Акционерлік Қоғамы Еншілес Банкінің (әрі қарай – «Банк») қаржылай есебі, Банктің барлық маңызды қатынастары бойынша 2017 жылдың 31 желтоқсанындағы қаржы күйін, сондай-ақ Қаржы есептілігінің Халықаралық стандарттарына (ҚЕХС) сәйкес, көрсетілген күні аяқталған бір жылғы ақша қаражатының қаржылай нәтижелері мен қозғалысын дұрыс көрсетеді.

#### Пікір білдіруге негіздеме

Біз Аудиттің Халықаралық стандарттарына (бұдан әрі - АХС) сәйкес аудит жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің міндеттемелеріміз әрі қарай есебіміздің "Аудитордың қаржы есептілігінің аудиті үшін жауапкершілігі" бөлімінде сипатталған. Біз Есепшілерге арналған халықаралық этика стандарттары жөніндегі кеңестің Кәсіпқой есепшілер этикасының кодексіне (бұдан әрі - «БХЭСК Кодексі») (халықаралық тәуелсіздік стандарттарын қоса алғанда) сәйкес Банкке қатысты тәуелсіздік және біз БХЭСК Кодексіне сәйкес басқа да этикалық міндеттерді орындадық.

Біз алынған аудиторлық дәлелдемелердің пікірімізді білдіруіміз үшін жеткілікті және тиісті негіздеме болып табылады деп есептейміз.

#### Аудиттің негізгі мәселелері

Аудиттің негізгі мәселелері - біздің кәсіптік пайымдауымызға сай ағымдағы кезең үшін жеке қаржылық есептіліктің аудиті үшін барынша маңызды болып табылған мәселелер. Бұл мәселелер жеке қаржылық есептілік аудитіміздің контекстінде және осы жеке қаржылық есептілік туралы пікірімізді қалыптастыру кезінде қарастырылған және біз бұл мәселелер жөнінде бөлек пікірімізді білдірмейміз. Төменде көрсетілген мәселеге қатысты бұл мәселенің аудитіміздің барысында қалай қарастырылғанының сипаты осы контекстінде келтіріледі.

Біз есебіміздің «Аудитордың жеке қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған міндеттерді, оның ішінде осы мәселеге де қатысты міндеттерді орындадық. Тіксініше, аудитімізге жеке қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін бағалауымызға жауап ретінде әзірленген рәсімдерді орындау жатады. Аудиторлық процедураларымыздың, соның ішінде төменде көрсетілген мәселені қарастыру барысында орындалған процедуралардың нәтижелері қоса беріліп оырған жеке қаржылық есептілік туралы аудиторлық пікірімізді білдірудің негізі болады.

#### Аудиттің негізгі мәселесі Сәйкес негізгі мәселе біздің аудитіміз барысында қалай қарастырылды

#### Клиенттердің кредиттері мен аванстары бойынша күтілетін кредиттік залалдарға резерв

ҚЕХС (IFRS) 9 сәйкес Клиенттердің кредиттері мен аванстары бойынша күтілетін кредиттік залалдарға резерв деңгейін бағалау Банк басшылығы қолданатын негізгі пайымдау саласы болып табылады. Қаржы құралының қалған қолданыс мерзімі ішінде дефолт басталу қаупінің өзгергенін анықтауды қоса алғандағы алғашқы мойындау сәтін бастап кредиттік тәуекелдің елеулі арту факторларын анықтау, сондай-ақ дефолт ықтималдығының мәні мен дефолт кезіндегі шығын деңгейін анықтау кәсіби пайымдауды айтарлықтай қолдануды, түрлі тарихи, ағымдағы және болжалды ақпаратты жорамалдау және талдауды талап етеді.

Түрлі үлгілер мен жорамалдарды пайдалану клиенттердің кредиттері мен аванстары бойынша күтілетін кредиттік залалдар бойынша резерв деңгейіне елеулі әсер етуі мүмкін. 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банк активтерінің жалпы сомасының жиынтық 61% құрайтын клиенттер кредиттері мен аванстарының елеулі сомасына, сондай-ақ кәсіби пайымдаудың айтарлықтай қолданылуына қарай клиенттердің кредиттері мен аванстары бойынша күтілетін кредиттік залалдар бойынша резервті бағалау аудиттің негізгі мәселесі болып табылды.

Клиенттердің кредиттері мен аванстары бойынша күтілетін кредиттік залалдар бойынша ақпарат қаржылық есептіліктің 8. "Клиенттерге кредиттер мен аванстар" ескертпесінде және 27. "Тәуекелдерді басқару" ескертпесінде ұсынылған.

Біздің аудиторлық рәсімдер кредиттік қоржын бойынша күтілетін кредиттік залалдарға резервті бағалау әдістемесін талдаудан және мерзімі кешіктірілген берешек мерзімін есепке алу, активтің кредиттік сапасының нашарлауы себепті қайта құрылымдаудың болуы және ішкі кредиттік рейтингтің өзгеруін қоса алғанда алғашқы мойындау сәтін бастап клиенттерге кредиттер мен аванстар бойынша кредиттік тәуекелдің елеулі артуының деректерін анықтау үдерістерін бақылау құралдарын тестілеуден тұрады.

Біз таңдау негізінде Банк күтілетін кредиттік шығындарға резервті бағалау кезінде қолданған бастапқы деректер мен жорамалдар талдауына, соның ішінде дефолт ықтималдығының мәндеріне, болжамдық макроэкономикалық факторлардың және қаржылық және қаржылық емес ақпаратқа негізделген заемшының операциялық қызметінен күтілетін ағындарға қатысты жорамалдарға, сондай-ақ дефолт, соның ішінде ұсталынатын кепіл мүлкін өткізу нәтижесінде шығындардың орнын толтыруды қоса алғанда тестілеу жүргіздік.

Біз Банк күтілетін кредиттік шығындарға резервті есептеу үшін қолданатын формуланың дұрыстығын тексердік.

Біз қаржылық есептілікке Ескертпеде ашылған, клиенттерге кредиттер мен аванстар бойынша күтілетін кредиттік шығындарға резерв туралы ақпаратты қарастырдық.

### **Кредиттік ұйымдардан алынған заемдарды бағалау**

Біз танылған сомалардың маңыздылығы, Банк басшылығының алғашқы мойындау күніндегі жағдай бойынша міндеттемелерді әділ құнын анықтауға қатысты пайымдауларын қолданудың күрделілігі мен қажеттігіне байланысты бұл мәселені аудиттің негізгі мәселелерінің бірі деп санаймыз.

Алынған заемдар туралы ақпарат қаржылық есептілікке 13. "Кредиттік ұйымдардың қаражаты" Ескертпесінде сипатталған.

Біздің аудиторлық ресімдер әдістеме мен қолданылатын үлгі талдауынан, сондай-ақ күнның әділдігін анықтау кезінде Банктің бастапқы деректерін тестілеуден тұрды. Біз тәуекелсіз пайыздық жарна және кредиттік спред сияқты бағалау кезінде пайдаланылатын негізгі бастапқы деректерді талдау үшін бағалау жөніндегі мамандарды тарттық, сондай-ақ оларды нарықта бақыланатын деректермен салыстырдық.

Біз қаржылық есептілікке Ескертпеде ашылған, алынған заемдар туралы ақпаратты қарастырдық.

### **"Жинақ банкі" АҚ ЕБ 2019 жыл бойынша есебіне кіретін өзге ақпарат**

Өзге ақпаратқа "Жинақ банкі" АҚ ЕБ 2019 жыл бойынша есебіне кіретін, бірақ қаржылық есептілік пен ол туралы біздің аудиторлық есебімізден тұрмайтын ақпаратты құрайды. Өзге ақпарат үшін жауапкершілікті басшылық алады.

"Жинақ банкі" АҚ ЕБ 2019 жыл бойынша есебі бізге, шамамен осы аудиторлық есеп күнінен кейін ұсынылатын болады.

Жеке қаржылық есептілік туралы пікіріміз басқа ақпаратқа таралмайды және біз бұл ақпаратқа қатысты қандай да бір нысанда сенімділікті білдіретін тұжырымды ұсынбаймыз.

Жеке қаржылық есептілікке аудитті жүргізуімізге орай біздің міндетіміз жоғарыда аталған басқа ақпаратпен, ол бізге қолжетімді болған кезде танысу және бұл ретте басқа да ақпарат пен жеке қаржылық есептіліктің немесе аудит барысында ие болған біліміміз арасында елеулі сәйкессіздіктердің болуы және басқа да ақпарат өзге елеулі бұрмалануларды қамтымайтындығы мәселесін қарастыру болып табылады.

### **Басшылықтың және корпоративтік басқаруға, қаржылай есептілікке жауапты тұлғалардың жауапкершілігі**

Басшылық берілген қаржы есептілігін дайындауға және оның ҚЕХС сәйкестігі мен басшылық жосықсыз әрекеттердің немесе қателердің салдарынан болатын маңызды бұрмалануларды қамтымайтын қаржылай есептілікті дайындауға қажетті деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапкершілікке ие болады.

Қаржы есептілігін дайындау барысында басшылық Банктің өз қызметін үздіксіз жалғастыруға қабілеттілігін бағалауға, сәйкес жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне жататын мәліметтерді анықтауға, және бухгалтерлік есеп негізі ретінде қызметтің үздіксіздік қағидасын қолдануға және басшылық Банкті жоюға, оның қызметін тоқтатуға ниеттенген немесе қызметті жою немесе тоқтатудан басқа қандай да бір шынайы балама жоқ болған жағдайлардан басқа кезде қаржы есептілігін құруға жауап береді.

Ішкі аудит мәселелері жөніндегі Директорлар кеңесі жанындағы Комитет (бұдан әрі - "Ішкі

аудит жөніндегі комитет") Банктің қаржы есептілігін дайындау процесін қадағалау жауапкершілігіне ие болады.

### **Аудитордың қаржы есептілігіне аудит үшін жауапкершілігі**

Біздің мақсатымыз қаржы есептілігінің жосықсыз әрекеттердің немесе қателердің салдарынан болатын маңызды бұрмалануларды қамтымайтыны туралы ақылға қонымды сенімділікке ие болудан, және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық қорытындыны шығарудан тұрады. Ақылға қонымды сенімділік сенімділіктің жоғарғы деңгейінен тұрады, алайда аудиттің АХС сәйкес жүргізілгендігіне кепілдік болып табылмайды, маңызды бұрмаланулар бар болған жағдайда әрқашан оларды анықтай алады. Бұрмаланулар жосықсыз әрекеттердің немесе қателердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жеке-жеке немесе жинақталып осы қаржылай есептіліктің негізінде қабылданатын қолданушылардың экономикалық шешімдеріне ықпал етеді деп күтілсе, онда маңызды болып саналады.

АХС сәйкес жүргізілген аудит шеңберінде, біз кәсіби пайымдауларды қолданамыз және бүкіл аудиторлық тексеріс кезінде кәсіби скептицизмді сақтаймыз. Сонымен қатар, біз келесілерді орындаймыз:

- ▶ жосықсыз әрекеттердің немесе қателердің салдарынан болатын қаржы есептілігінің маңызды бұрмалану қауіптерін анықтаймыз және бағалаймыз; бұл қауіптерге жауап ретінде аудиторлық процедураларды жүргіземіз; өз пікірімізді білдіру үшін негіз болуға жеткілікті және тиісті болып табылатын аудиторлық дәлелдемелерді аламыз. Жосықсыз әрекеттердің немесе қателердің салдарынан болатын маңызды бұрмалануларды анықтамау қаупі, қате нәтижесінде болатын маңызды бұрмалану қаупінен жоғары, өйткені жосықсыз әрекеттер келісу, жалғандық, қасақана өткізу немесе деректерді дұрыс ұсынбау немесе ішкі бақылау жүйелерін айналып өту үшін жасалатын әрекеттерді қамтиды;
- ▶ Банктің ішкі бақылау жүйелерінің тиімділігі туралы пікірлерді білдіру мақсатында емес, жағдаяттарға сәйкес келетін аудиторлық процедураларды әзірлеу үшін, аудит көзқарасы тұрғысында маңыздылыққа ие болатын ішкі бақылау жүйесі түсінігіне ие боламыз;
- ▶ қолданыстағы есеп саясатының тиісті сипатын және басшылық белгілеген бухгалтерлік бағалаудың және сәйкес ақпараттың анықталуының негізділігін бағалаймыз;
- ▶ Басшылықтың бухгалтерлік есеп және қаржы есептілігі негізі ретінде пайдаланатын қызмет үздіксіздігі қағидасының заңға сай екені туралы, және алынған аудиторлық дәлелдемелердің негізінде – нәтижесінде Банктің өз қызметін үздіксіз жалғастыруға қабілеттілігіне байланысты маңызды күмәндар туындауы мүмкін болатын оқиғаларға немесе шарттарға байланысты маңызды белгісіздігі бар не жоқ екеніне қорытынды жасаймыз. Егер біз маңызды белгісіздік бар екені туралы қорытындыға келсек, біз аудиторлық қорытындымызда қаржы есептілігіндегі ақпаратты сәйкесінше анықтауға назар аударуымыз керек немесе, егер ақпаратты мұндай түрде анықтау тиісінше болса, өз пікірімізді өзгертуіміз керек. Біздің қорытындыларымыз, біз аудиторлық қорытынды жүргізген күнге дейін алынған аудиторлық дәлелдемелерге негізделген. Алайда болашақтағы оқиғалар немесе шарттар, Банктің өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілеттілігін жоғалтуына алып келуі мүмкін;
- ▶ ұсынылған қаржы есептілігін жалпы бағалаймыз, ақпаратты анықтаудан бастап оның құрылымы мен мазмұнын, сондай-ақ қаржы есептілігінің оның негізінде жатқан операциялар мен оқиғалар, олар туралы ақиқат көрініске қол жеткізетіндей түрде ұсынылатынын не ұсынылмайтынын бағалаймыз.

Біз Аудит жөніндегі комитетпен, оларды өзгелермен қоса аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша маңызды ескертулер, соның ішінде аудит процесінде біз анықтайтын ішкі бақылау жүйесіндегі маңызды кемшіліктер туралы ақпаратпен хабардар ете отырып, ақпараттық өзара әрекеттестікті жүзеге асырамыз.

Сонымен қатар, біз, Аудит жөніндегі комитетке+ өзіміздің тәуелсіздікке қатысты барлық сәйкес әдеп талаптарын орындағанымыз туралы және біздің тәуелсіздігімізге ықпал етеді деп негізді түрде санауға болатын өзге де сұрақтар туралы ақпаратпен, және қажет болған жағдайларда – сәйкес сақтық шаралары жөнінде оларды хабардар еткеніміз туралы мәлімдеме жасаймыз.

Айдит жөніндегі комитетке мәлімденген сұрақтардың негізінде, біз ағымдағы кезеңде қаржы есептілігінің аудиті үшін барынша маңызды болып табылған және, сәйкесінше, аудиттің кілттік сұрақтарынан тұратын сұрақтарды анықтаймыз. Біз бұл сұрақтарды, бұл сұрақтар туралы ақпаратты жария түрде анықтауға заңмен тиым салынған, немесе, қандай да бір сұрақ бойынша ақпаратты хабарлау салдарынан қоғамға зиян келетінін негізді түрде болжауға болатындықтан, мұндай ақпараттың біздің қорытындымызда мәлімденбеуі тиіс екені анықталатын өте сирек жағдайлардан басқа кезде, өзіміздің аудиторлық қорытындымызда сипаттаймыз.

Нәтижелері бойынша тәуелсіз аудитордың осы есебі шығарылған аудитті өткізу үшін жауапты басшысы Пол Кон болып табылады.

«Ресей Жинақ банкі» Акционерлік Қоғамы Еншілес Банкі 2019 жыл бойынша қаржылық есептілік

## ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЕСЕП

### 2019 жылғы «31» желтоқсандағы жағдай бойынша

(миллион теңгеде)

Ескерт у	31 желтоқсан 2019 жыл	31 желтоқсан 2018 жыл
<b>Активтер</b>		
Ақша қаражаттары мен олардың баламалары	5 538.987	505.008
Кредиттік ұйымдардағы қаражат	6 55.732	17.634
Сауда бағалы қағаздары	7 42.423	—
Клиенттерге кредиттер мен аванстар	8 1.286.748	1.120.232
Инвестициялық бағалы қағаздар	9 184.086	163.070
Ағымдық корпоративтік кіріс салығы бойынша активтер	—	1.213
Негізгі қаражаттар	10 38.724	30.964
Материалды емес активтер	11 20.565	16.312
Басқа активтер	12 15.113	17.105
<b>Активтер жиыны</b>	<b>2.183.591</b>	<b>1.870.325</b>
<b>Міндеттемелер</b>		
Кредиттік ұйымдардың қаражаты	13 132.946	159.935
Корпоративтік клиенттердің қаражаттары	14 857.286	676.096
Жеке тұлғалардың қаражаттары	14 785.827	791.546
Шығарылған борышкерлік бағалы қағаздар	15 51.299	50.944
Ипотекалық ұйым алдындағы міндеттемелер	16 97.805	—
Кейінге қалдырылған корпоративтік кіріс салығы бойынша міндеттемелер	23 3.169	2.477
Өзге де міндеттемелер	17 19.360	15.251
<b>Міндеттемелер жиыны</b>	<b>1.947.692</b>	<b>1.696.249</b>
<b>Капитал</b>		
Жарғылық капитал	18 51.500	51.500
Бөлінбеген пайда	160.523	102.897
Әділ құн резерві	18 (17)	(4.214)
Резервтік қор	18 23.893	23.893
<b>Капитал жиыны</b>	<b>235.899</b>	<b>174.076</b>
<b>Капитал және міндеттемелер жиыны</b>	<b>2.183.591</b>	<b>1.870.325</b>

Банк Басқармасы атынан қол қойылды және шығаруға бекітілді:

Е.А. Тенизбаев Басқарма Төрағасы

Н.В.Попова Бас бухгалтер

2020 жылғы 13 наурыз

6-беттен 73-бетке дейінгі беттердегі ескертулер берілген қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады. 1

**ПАЙДА МЕН ШЫҒЫНДАР ТУРАЛЫ ЕСЕП**

2019 жылғы «31» желтоқсанда аяқталған жыл бойынша

(миллион теңгеде)

	<i>Ескерт у</i>	<i>2019 жыл</i>	<i>2018 жыл</i>
Тиймді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып есептелген пайыздық кірістер	19	177.830	150.566
Өзге пайыздық кірістер	19	2.541	127
Пайыздық шығындар	19	(72.858)	(78.771)
<b>Таза пайыздық кіріс</b>		<b>107.513</b>	<b>71.922</b>
Кредиттік залалдар бойынша шығындар	22	(26.388)	(26.031)
<b>Кредиттік залалдар бойынша шығындардан кейінгі таза пайыздық кіріс</b>		<b>81.125</b>	<b>45.891</b>
Комиссиялық кірістер	20	37.252	31.341
Комиссиялық шығындар	20	(14.210)	(9.676)
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық құнды қағаздардың танылуын тоқтату нәтижесіндегі таза кірістер		-	169
Кіріс және шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар бойынша таза пайда		8	-
Шетел валютасындағы операциялар бойынша таза кіріс/(шығындар)		24.551	22.307
- сауда операциялары		(4.722)	1.388
- валюталық баптарды қайта бағалау			
Туынды қаржы құралдарымен операциялар бойынша таза кірістер		12.026	2.758
Мемлекеттік субсидиялардан кіріс		258	1.144
Амортизацияланған құны арқылы есептелетін қаржылық активтердің бастапқы танылуы нәтижесіндегі таза шығындар		-	(297)
Өзге де кірістер		651	933
Өзге де шығындар		(637)	(1.310)
<b>Операциялық кірістер</b>		<b>136.302</b>	<b>94.648</b>
Әкімшілік және операциялық шығындар	21	(51.042)	(47.150)
Резервтерді құныздандыру және құру шығындары	12	(277)	(42)
<b>Корпоративтік табыс салығы бойынша шығындарға дейінгі пайда</b>		<b>84.983</b>	<b>47.456</b>
Корпоративтік кіріс салығы бойынша шығындар	23	(16.857)	(6.254)
<b>Бір жыл ішіндегі пайда</b>		<b>68.126</b>	<b>41.202</b>
Акцияға арналған базалық және ажыратылған пайда (теңгеде)	24	5.306,13	3.209,10

6-беттен 73-бетке дейінгі беттердегі ескертулер берілген қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

2

**ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ЕСЕП**

2019 жылғы «31» желтоқсанда аяқталған жыл бойынша

(миллион теңгеде)

	<i>Ескерт у</i>	<i>2019 жыл</i>	<i>2018 жыл</i>
Бір жыл ішіндегі пайда		68.126	41.202
<b>Өзге жиынтық кірістер</b>			
<i>Келесі кезеңдерде пайда немесе шығын құрамына қайта сыныптауға жататын өзге жиынтық кіріс</i>			
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борышкерлік құралдардың әділ құнының таза өзгерісі	18	4.234	(1.314)
Бағалау резервін өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борышкерлік құралдар бойынша күтілетін кредиттік шығындарға қарай өзгерту	18	(37)	(109)
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борышкерлік құралдарды мойындауды тоқтату нәтижесінде пайда немесе шығын құрамына қайта сыныпталған сома	18	-	(169)
<b>Салықтарды шөрепін тастағандағы жыл ішіндегі өзге жиынтық кіріс (шығын)</b>		<b>4.197</b>	<b>(1.592)</b>
<b>Жыл ішіндегі барлық жиынтық кіріс</b>		<b>72.323</b>	<b>39.610</b>

6-беттен 73-бетке дейінгі беттердегі ескертулер берілген қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

3

**МЕНШІК КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ**

**2019 жылғы «31» желтоқсанда аяқталған жыл бойынша**

(миллион теңгеде)

Ескерту	Жарғымалы капитал	Резервтік қор	Әділ құн резерві	Бөлін-беген пайда	Барлығы
<b>2018 жылғы «1» қантардағы жағдай бойынша</b>	51.500	23.893	(2.622)	61.695	134.466
Бір жыл ішіндегі пайда	-	-	-	41.202	41.202
Жыл ішіндегі өзге жиынтық шығын	18	-	(1.592)	-	(1.592)
<b>Жыл ішіндегі барлық жиынтық (шығын)/кірісі</b>	-	-	(1.592)	41.202	39.610
<b>2018 жылғы «31» желтоқсандағы жағдай бойынша</b>	51.500	23.893	(4.214)	102.897	174.076
Бір жыл ішіндегі пайда	-	-	-	68.126	68.126
Жыл ішіндегі өзге жиынтық кірісі	18	-	4.197	-	4.197
<b>Жыл ішіндегі барлық жиынтық кірісі</b>	-	-	4.197	68.126	72.323
Жарияланған дивидендтер	18	-	-	(10.500)	(10.500)
<b>2019 жылғы «31» желтоқсандағы жағдай бойынша</b>	51.500	23.893	(17)	160.523	235.899

6-беттен 73-бетке дейінгі беттердегі ескертулер берілген қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

**АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП**

**2019 жылғы «31» желтоқсанда аяқталған жыл бойынша**

(миллион теңгеде)

Ескерту	2019 жыл	2018 жыл
<b>Операциялық қызметтен түскен ақша ағыны</b>		
Алынған пайыздар	169.233	143.548
Төленген пайыздар	(73.224)	(87.718)
Алынған комиссиялар	37.140	31.341
Төленген комиссиялар	(14.210)	(9.676)
Шетел валютасындағы операциялар бойынша алынған өткізілген таза кіріс	24.551	22.307
Туынды қаржы құралдарымен операциялар бойынша алынған өткізілген таза кірістер	12.034	3.495
Алынған өзге кірістер	110	933
Төленген өзге де шығындар	(41.847)	(1.310)
Төленген әкімшілік және операциялық шығындар		
<b>Операциялық активтер мен міндеттемелердің өзгерістерге дейінгі операциялық қызметтен түскен ақша ағындары</b>	113.787	66.032
<i>Операциялық активтердегі таза ұлғаю/ (азаяу)</i>		
Кредиттік ұйымдарына қаражат	(33.701)	(4.657)
Сұрау бағалы қағаздары	(39.674)	-
Клиенттерге кредиттер мен аванстар	(188.316)	(123.964)
Басқа активтер	1.764	(5.271)
<i>Операциялық міндеттемелердегі таза ұлғаю/ (азаяу)</i>		
Кредиттік ұйымдардың қаражаты	(27.326)	6.711
Ипотекалық ұйым алдындағы міндеттемелер	97.805	-
Корпоративтік клиенттердің қаражаттары	180.750	1.458
Жеке тұлғалардың қаражаттары	(5.633)	49.783
Өзге де міндеттемелер	(201)	2.012
<b>Корпоративтік табыс салығына дейінгі операциялық қызметтен түскен таза ақша ағындары</b>	99.255	(7.896)
Төленген корпоративтік табыс салығы	(17.378)	(5.823)
<b>Операциялық қызмет бойынша ақша қаражатының таза түсімі / (шығыналуы)</b>	81.877	(13.719)
<b>Инвестициялық қызметтен түскен ақша ағындары</b>		
Негізгі қаражат сатып алу	(7.869)	(2.627)
Материалдық емес активтер	(7.807)	(6.394)
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық құнды қағаздарды сатып алу	9	
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық құнды қағаздарды өтеуден және сатудан түскен түсімдер	9	
<b>Инвестициялық қызмет бойынша ақша қаражатының таза (шығыналуы) / (түсімі)</b>	(29.732)	53.676
<b>Қаржылық қызметтен түскен ақша ағындары</b>		
Облигациялар шығарудан түскен түсімдер	30	5.167
Облигацияларды өтеу	30	(4.883)
Банк акционерлеріне төленген дивидендтер		(10.500)
Жалға алу бойынша міндеттемелерді өтеу	3	(1.228)
<b>Қаржылық қызмет бойынша ақша қаражатының таза шығыны</b>	(11.444)	(3.539)
Айырбастау бағамдарының өзгерісінің ақша қаражатына және оның баламаларына ықпалы		
Күтілетін кредиттік залалдардың ақша қаражаты мен оның баламаларына ықпалы		
Күтілетін кредиттік залалдардың ақша қаражаты мен оның баламаларына ықпалы	22	14
<b>Ақша қаражаты мен оның баламаларының таза ұлғаюы</b>	33.979	77.683
Есептік жылдың басындағы жағдай бойынша Ақша қаражаты мен оның баламалары	505.008	427.325
<b>Есептік жылдың соңындағы жағдай бойынша Ақша қаражаты мен оның баламалары</b>	538.987	505.008

6-беттен 73-бетке дейінгі беттердегі ескертулер берілген қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

## Бір акцияға пайда және бір акцияның баланстық құны

Акцияға базалық пайда жай акцияларды ұстаушыларға тиесілі кезеңдегі таза пайданы кезең ішінде айналыстағы акциялардың орташа өлшенген санына бөлу арқылы есептеледі. Банктің опционы немесе айырбасталатын борыштық немесе үлестік құралдары жоқ.

Төменде акцияға базалық және бөлінген пайданы есептеуде пайдаланылған пайда мен акциялар туралы мәліметтер келтірілген:

	<i>2019 жыл</i>	<i>2018 жыл</i>
Банк акционерлеріне тиесілі жыл ішіндегі таза пайда	68.126	41.202
Акцияға базалық және бөлінген пайданы анықтау мақсатында жай акциялардың орташа өлшенген саны	<u>12.839,114</u>	<u>12.839,114</u>
<b>Акцияға базалық және таратылған пайда (теңгемен)</b>	<b><u>5.306,13</u></b>	<b><u>3.209,10</u></b>

2019 және 2018 жылдардағы 31 желтоқсанда Банктің акцияға пайда өкелетін Қаржы құралдары болмады.

2019 және 2018 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бір жай акцияның баланстық құны төменде келтірілген:

<i>Акция түрі</i>	<i>31 желтоқсан 2019 жыл</i>			<i>31 желтоқсан 2018 жыл</i>		
	<i>Айналыстағы акциялардың саны</i>	<i>ҚҚБ әдісінәмәсына сәйкес тәзә активтер</i>	<i>Бір акцияның баланстық құны (теңгемен)</i>	<i>Айналыстағы акциялардың саны</i>	<i>ҚҚБ әдісінәмәсына сәйкес тәзә активтер</i>	<i>Бір акцияның баланстық құны (теңгемен)</i>
Жай	12.839.114	215.334	16.771,72	12.839.114	157.764	12.287,76

Банк басшылығы бір акцияның баланстық құны ҚҚБ Аистингілік ережелерінде көрсетілген әдіснамаға сәйкес есептелген деп санайды.

# ГЛОССАРИЙ

- ХҚЕС** ..... халықаралық қаржылық есеп стандарттары
- NPL90+** ..... 90 және одан да көп күнге кешіктірілген кредиттер (Non-performing loan)
- CIR** ..... кәсіпорын тиімділігінің қаржылық көрсеткіші, шығындар мен кірістер қатынасы (Cost/Income Ratio)
- ROE** ..... меншікті капиталдың рентабельділігі өз капиталына қатысты Бизнесінің табыстылық шарасы болып табылады (Return On Equity)
- AQR** ..... банктердің капиталға қажеттілігін анықтауға мүмкіндік беретін диагностика, қоржындардың сапасына баға береді, кредит беру тәжірибесін талдайды (asset quality review).
- ҚР** ..... Қазақстан Республикасы
- ҚРҰБ** ..... Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
- ДК** ..... Директорлар кеңесі
- ЗТ** ..... Заңды тұлғалар
- ЖТ** ..... Жеке тұлғалар
- ҚҚБ** ..... Қазақстан қор биржасы
- «ҚДБ» АҚ** ..... «Қазақстан Даму Банкі» АҚ
- СБОЛ** ..... Сбербанк Онлайн мобильді қосымшасы
- КБ** ..... Корпоративтік блок
- ББ** ..... Бөлшек блок
- ҚҚА** ..... Қашықтан қызмет көрсету арнасы
- ЕДБ** ..... Екінші деңгейлі банк
- E-Gov** ..... электронды үкімет
- СҚ** ..... Сауданы қаржыландыру
- ISDA** ..... халықаралық своптар мен деривативтер қауымдастығы-деривативтердің биржадан тыс нарығының қатысушыларын біріктіретін ұйым.
- КТТОК** ..... касса торабынан тыс операциялық касса
- ДӨО** ..... деректерді өңдеу орталығы
- LCR** ..... өтімділікті жабу коэффициенті (Liquidity coverage ratio)
- NSFR** ..... таза тұрақты қаржыландыру коэффициенті (Net stable funding ratio)
- ОУ** ..... оқыту орталығы

# ҚОСЫМША АҚПАРАТ

## НЕГІЗГІ БИЗНЕС-КОНТАКТТЕР

Департамент	ТАӘ	Электронды мекенжайы
<b>Корпоративтік бизнес блогы</b>		
Аса ірі клиенттермен жұмыс басқармасы	Кулагин Павел Владимирович	pavel.kulagin@sberbank.kz
Корпоративтік бизнес департаменті	Карагойшин Бакытжан Тимурович	Bakytzhan.Karagoyshein@sberbank.kz
Ұлттық компаниялармен және аса ірі клиенттермен жұмыс басқармасы	Гуэ-Хао Дмитрий Владимирович	Dmitry.Gue-khao@sberbank.kz
Қазынашылық басқармасы	Изотов Ильяс Шаяхметович	Ilyas.Izotov@sberbank.kz
<b>Бөлшек блок</b>		
Бөлшек блок штабы басқармасы	Ким Виктория Рославовна	Viktoriya.Kim@sberbank.kz
«Жинақ банкі» АҚ ЕБ Байланыс орталығы	+7 (727) 250 30 20 ұялы телефоннан 5030	

## «ЖИНАҚ БАНКІ» АҚ ЕБ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

БСН .....	930740000137
БСК .....	SABRKZKA
Коды .....	914
Коршот (ЖСК) .....	KZ82125KZT1001300306
КҰЖЖ коды .....	28109833
ҚР ҰБ Монетарлы операцияларын есепке алу басқармасындағы .....	NBRKKZKX
Reuters .....	SBKZ
КБЕ .....	14
ҚҚС бойынша есепке қою туралы куәлік .....	20.08.2012 жылғы 60001 N°0037440.
Ағылшын тіліндегі атауы .....	Subsidiary Bank Sberbank of Russia Joint Stock Company
Қысқарған атауы .....	SB Sberbank JSC

